Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт Ақшамы

№39 (1741) 26 қыркүйек 2024 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

“БІРІНШІ – ТАУАР АЙНАЛЫМЫН ҰЛҒАЙТУ”

Биылғы жылдың 2024 жылғы 17 қыркүйегінде Президент Орталық Азия мемлекеттері басшылары мен Германия Федералдық канцлерінің кездесуіне қатысты.

♦ Бірінші – тауар айналымын ұлғайту. Бірлескен өңірлік жобаларды тиімді іске асыру есебінен сауда көрсеткішін арттыру, тауарлар номенклатурасын кеңейту – маңызды міндет. Мәселен, Қазақстан Германияға сомасы 850 миллион долларды құрайтын тауардың 100 түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайтуға дайын.

♦ Германияға энергетикалық ресурстардың сенімді әрі ірі жеткізушілерінің бірі ретінде Қазақстан неміс нарығына мұнай экспортын арттыруға әзір. Көмірсутегін ұзақмерзімді және тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуде германиялық серіктестеріміздің қолдауына алдағы уақытта да сүйенеміз. Елдеріміздің орнықты дамуы үшін энергияның баламалы көздеріне ауысудағы бірлескен қызметімізді жандандыра түсу маңызды деп санаймын. Сутекті энергетика саласында өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға дайынбыз. Еліміз Өзбекстанмен және Әзербайжанмен Каспий теңізінің табаны арқылы Еуропа елдеріне қарай «жасыл» энергетиканы жеткізу желісін салу жобасын пысықтап жатыр. Германиялық серіктестерге осы стратегиялық жобаға қатысу мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз.

♦ Қазақстан Германия компанияларын сирек кездесетін металдарды геологиялық барлау және игеру жұмыстарын бірге жүргізуге шақырады. Өңірдегі кенді бастапқы және қайта өңдей отырып, «шикізатты технологияға айырбастау» қағидаты бойынша серіктестік орнатуды ұсынамыз. Бұл орайда HMS Bergbau компаниясының Шығыс Қазақстан облысында литийді игеру және өңдеу бойынша инвестициялық жобаны іске асыруын құптаймыз. Оның құны 500 миллион доллардан асады. Біз еліміздің аумағында бағалы және түсті металдардың кен орнын барлап, игеру үшін германиялық инвесторларға қолайлы жағдай жасауға дайынбыз. Еуропалық серіктестеріміздің қолдауымен Қазақстанның Технологиялық болжау орталығы базасынан Сирек кездесетін металдар бойынша өңірлік зерттеу орталығын құрған жөн деп санаймыз.

♦ Қазақстан қазір Халықаралық Аралды қорғау қорына төрағалық етіп отыр. Осы ретте Арал теңізі бассейні елдеріне көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы мен Орталық Азияның орнықты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғаудың өңірлік бағдарламасын жүзеге асыру аясында серіктестікті жандандыруды ұсынады. Біздің пікірімізше, Қордың қызметі өңірдегі орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етеді. Орнықты егіншіліктің аймақтық орталығын құру жөніндегі бастама өте өзекті. Бұл бастаманы бүгінгі кездесуге қатысушылардың бәрі қолдайды деп ойлаймын.

♦ Біз жалпы құны 55 миллиард доллар болатын 66 бірлескен инвестициялық жоба бойынша уағдаластыққа қол жеткіздік. Германия кәсіпорындары елімізге көбірек келіп, «Қазақстанда неміс сапасына сай жасалған» деген ортақ бренд аясында жергілікті өндірісті жолға қояды деп үміттенеміз.

♦ «Аса маңызды шикізатты инвестиция мен технологияға айырбастау» прагматикалық формуласына сай табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу ісін дамытуды ұсынамыз. Біздің минералды-шикізат қорымызда әлі барланбаған бес мыңнан астам кен орны бар. Бұл кеніштердің құны триллиондаған долларға бағаланады. Бүгінде біз Еуропа Одағының экономикасы үшін аса маңызды 34 сирек кездесетін материалдың 19 түрін өндіреміз. Осыған орай Минералдық ресурстар жөніндегі неміс агенттігі (DERA) мен қазақ серіктестері маңызды шикізат саудасы бойынша консорциум құрып жатыр. Біз бұл бастаманың таяу арада нақты іске асуын асыға күтіп отырмыз. Бұдан бөлек, HMS Bergbau компаниясының Шығыс Қазақстанда литий элементін қайта өңдейтін зауыт салу үшін барлау жұмыстарын жүргізу туралы жоспарын құптаймыз. Бұл жобаға салынатын инвестиция көлемі – 500 миллион доллар. Еліміздің бай ресурс қоры өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымызды кеңейте түсуге мол мүмкіндік береді.

♦ Германияның мұнай-газ жабдықтары және қосалқы бөлшектері өндірісін елімізде локализациялау – негізгі басымдық. Бір сөзбен айтқанда, неміс өндірісінің Қазақстанға келгенін қалаймыз. Бұл отандық өнеркәсіп саласына озық технологиялардың енгізілуіне септігін тигізер еді. Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері секторындағы әлеуеті әлі де толық пайдаланылмай келеді. Көптеген әлемдік ірі «ойыншылар» бұған көз тігіп отыр. Мысалы, немістің Svevind group компаниясы Қазақстанға 50 миллиард доллар инвестиция салып жатыр. Бұл жобаның мақсаты – «жасыл» сутегін өндіріп, оны Еуропа нарығына сату.

♦ Қазақстан Еуразиядағы жетекші ақпараттық технологиялар орталығына айналуды көздейді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанды цифрлық технологияларды енгізу жағынан үздік 30 елдің қатарына қосты. Біз ғылыми-зерттеу жобалары, стартаптар, техникалық білім беру және тренингтер ұйымдастыру, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы жаңа IT-жобаларды жүзеге асыру арқылы ынтымақтастықты барынша кеңейтуге ұмтыламыз.

♦ Қазір АХҚО инвестициялар, инновациялар және қаржы қызметтері тоғысқан бірегей өңірлік орталыққа айналды. Франкфурт, Лондон, Дубай, Нью-Йорк және Сингапурдағы жетекші халықаралық қаржы орталықтарының барлық артықшылығын мұнда да пайдалануға болады. Біздің Орталық инвестиция тарту үшін салық, виза және еңбек саясаты жағынан бұрын-соңды болмаған қолайлы шарттар мен жеңілдіктер ұсынады. Әр инвесторға жеке қолдау көрсетіледі. Британия заңнамасына негізделген әділ сот жүйесі жұмыс істеп тұр. «Астана» халықаралық қаржы орталығында 80 елден үш мыңға жуық компания тіркелген. Соның 20 компаниясы – германиялық. Олардың саны жуық арада тағы да өседі деп үміттенеміз.

“РЕСЕЙДІҢ ЖЕҢІЛМЕЙТІНІ АНЫҚ”

Биылғы жылдың 16-шы қыркүйегінде **«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Германияның Федералдық канцлері Олаф Шольцті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.**

Мемлекет басшысы шақыруын қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгені үшін Олаф Шольцке ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

– Германия Үкіметінің басшысы соңғы 14 жылда елімізге алғаш рет сапармен келіп отыр. Сондықтан бұл қадамыңыздың тарихи мәні зор. Екіжақты ынтымақтастықты дамытуға және тауар айналымының көлемін ұлғайтуға тың серпін береміз деп сенемін. Германия – біздің Еуропадағы, тіпті жаһандағы негізгі серіктесіміз. Бұл – өте маңызды. Біз қарқынды дамып келе жатқан көпқырлы ықпалдастығымызға баса мән береміз. Өзара байланыстарымызды одан әрі тереңдетуге және нығайтуға барлық жағдайды жасаймыз.

Кездесуде Олаф Шольц Қасым-Жомарт Тоқаевқа Украина төңірегіндегі жағдайды реттеуге байланысты пікір айтуды сұрады.

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

– Әскери тұрғыда Ресейдің жеңілмейтіні анық. Соғыс бұдан әрі өрши берсе, барша адамзатқа, ең алдымен, Ресей-Украина қақтығысына тікелей қатысы бар мемлекеттерге салдары өте ауыр тиеді. Өкінішке қарай, Ыстанбұл келісімін бекітуден бас тартып, татуласуға қол жеткізетін оңтайлы мүмкіндікті уыстан шығарып алды. Дегенмен бейбітшілік орнатуға әлі де мүмкіндік бар. Түрлі мемлекеттердің барлық бейбіт бастамаларын мұқият қарап, әскери іс-қимылдарды тоқтату туралы келісімге келу керек. Содан кейін территориялық мәселелерді талқылаған жөн. Біздіңше, Қытай мен Бразилияның бейбітшілік жоспары қолдауға тұрарлық. Мемлекеттер басшылары келеді, кетеді. Ал халық, әсіресе көршілес халықтар бейбіт әрі бір-бірімен түсінісіп өмір сүруі керек. Қазақстанның Ресеймен дүние жүзі бойынша құрлықтағы ең ұзын шегенделген шекарасы бар. Біздің елдеріміз арасындағы ынтымақтастық стратегиялық серіктестік пен одақтастық аясында дамып келеді. Қазақстандықтар украин халқы мен оның төл мәдениетіне шынайы құрметпен қарайды. Қазақстан мен Украина арасында ешқандай келіспеушілік болған емес. Киевте Елшілігіміз әлі де жұмыс істеп жатыр.

Қызылорда облысын әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ӨНЕР ІЗДЕУШІСІМЕН, ҚОЛДАУШЫСЫМЕН ЖӘНЕ ТЫҢДАУШЫСЫМЕН ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА ЖЕТЕ БЕРМЕК

Ұлттың өнері - өткенінен сыр шертетін, бүгінін бейнелейтін, ертеңіне алтын көпір болатын рухани тірегі. Сыр елі - жыр елінен келген өнер керуені Алатау баурайындағы әсем қаланы ән-жырға бөледі.

Алматылық талғампаз көрерменнің көңілінен шығатын бағдарлама әзірлеу, этнографиялық мұраға өте бай. Өнер күндерінде солардың ең таңдаулылары, “Шірік Рабат сақ жауынгерінің”, “Сығанақ ханшайымының”, “Түгіскен көсемі” мен “Жетіасар ақсүйек әйелінің” соңғы жылдары жасалған реконструкциялары көрмеге қойылды.

Мереке Құлкеновке, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қызылорда облысының бұрынғы әкімдері Икрам Адырбековке, Серікбай Нұрғисаевқа, Парламент Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіпке, Парламент депутаттарына, Қазақстанның

Республика сарайы сияқты еліміздің ең басты сахналарының бірінде концерт қою тыңғылықты әзірлікті қажет етті. Дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырған өнерпаздарымыз көрерменге әдемі рухани кеш сыйлады.

Сыр бойы Шірік Рабат, Жанкент, Сығанақ, Қызылорда сияқты қазақ тарихындағы төрт астананың тоғысқан жері болғандықтан, археологиялық-

Өнер мерекесін жоғары деңгейде өткізуге қолдау көрсеткен Алматы қаласының әкімі Досаев Ерболат Асқарұлына алғыс айтамын.

Сыр өңірінен жеткен өнер көшінің хабарын естіп, өнерпаздарымызға қошемет көрсеткен қазақ әдебиетінің классиктері, Қазақстанның Еңбек ерлері Дулат Исабековке, Мұхтар Шахановқа, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Еңбек ерлері Абзал Ерәлиевке, Имамзада Шағыртаевқа, өнер қайраткерлеріне, шығармашылық және зиялы қауым өкілдеріне, Алматыда тұратын қызылордалықтарға, көрермендерден жоғары баға алған әнші, жыршы, музыканттарымызға ризашылығым шексіз.

Өнер осындай өрісті кеңейтуші ұрпағымен, іздеушісімен, қолдаушысымен және тыңдаушысымен ғасырдан ғасырға жете бермек.

АХАТОВТЫҢ ӘКІМДІК АМБИЦИЯСЫ:

НӘЛІБАЕВ ПӘРМЕНІ МЕ, ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ МЕ?

Сыр елінде жол мәселесі өзге өңірлерге қарағанда бәсең. Дегенмен, жолға наразылық жоқ емес, бар. Біраз уақыттан бері бірі ескірген, кейбірі тесік жолдар көлік жүргізушілерінің жүйкесіне тиетіні шындық. Бүгінде халықтың бұл қажеттілігі аяқасты қалмай, қала бюджетінен қаржы бөлініп, қаладағы кей көшелерге жаңа жол салынды. Әлі де салынып, жөнделіп жатқаны бар. Қалада атқарылып жатқан жұмыс барысының оңды-солын жіті назарда ұстаған қала әкімі Нұржан Ахатов өткен аптада БАҚ өкілдерімен бірге жол инфрақұрылымының тыныс-тіршілігін бақылады.

Айта кеткен жөн, Нұржан Ахатовтың әкім болып тағайындалғанына екі айдан асты. Шаһар басшысы ретінде алғашқы рет БАҚ өкілдерімен баспасөз турына шығып тұр. Бұған дейін де таңның атысы кештің батысы шаршамай журналистерсіз тұрғындармен кездесіп, мәселелерін тыңдап, құрылыс алаңына барып, тиісті мамандарға тапсырмалар беріп жүр. Бір сөзбен айтқанда Нұржан Ахатов қала аралаудан шаршамайтын әкім.

5-бетте

СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІ ДЕ ТҮГЕНДЕУ КЕРЕК

«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ-нің кеңейтілген қызмет ету аймағындағы Батыс Қазақстан облысы суармалы жерлеріне 2024 жылы жүргізіліп жатқан агромелиоративтік бақылау жұмыстары бойынша қысқаша мәлімет бергелі отырмыз.

ҚР Ауылшаруашылығы министрінің 22.02.2022 жылғы №48 бұйрығымен суармалы жерлеріне агромелиоративтік бақылау жұмыстары Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ қызметіне енгізілген болатын.

ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті, «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ (бұдан әрі-ҚГГМЭ) 259 бюджеттік бағдарлама «Жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру», 106 кіші бағдарлама «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингілеу және бағалау» бағдарламаларына сәйкес суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау бойынша Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында және ИДЖЖЖ - 1 және 2 нысандарында (Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы) суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау бойынша жұмыстар жүргізеді.

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының 2024 жылғы орындап жатқан жұмыстары айтылады.

Ағымдағы жылы Батыс Қазақстан облысында барлығы 59,7 мың гектар суармалы жер тіркелсе оның 9,4 мың гектары немесе 15,7 %-ы ауылшаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылды. Суармалы жерлердің кейбірінің су көзінен айрылуының себебі бұрын болған жаңбырлатқыш және сорғы құралдарының істен шығуына, жердің сортаңдауына және т.б. кереғар себептерге байланысты болып отыр.

2024 жылы облыс бойынша нақты айналымда пайдаланылатын тұрақты суармалы жерлер көлемі 11855 мың.га құраса, қазіргі таңда суарылған алқап көлемі 9393 га құрап отыр, соның ішінде су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы 8054 га *(жаңбырлатып – 6 903га, тамшылатып- 1152га)* және басқа да суару тәсілдермен суарылған жер көлемі 1338 га құрайды.

Осы 9393 гектардың 3253 гектарына картоп, көкөніс пен бақша дақылдары, 6139 гектарына мал азықтық және дәнді ауылшаруашылығы дақылдары егілді.

Суармалы жерлерді ұлғайту үшін алдымен сумен қамтамасыз етілу және су шаруашылығы объектілерін реконструкциялау (жұмыс істеп тұрған су қоймасын қайта жаңарту, каналдарды жаңғырту) ауыспалы егіс жұмыстарын жүйелі жүргізу қажет, осы іс-шаралар жүргізілген жағдайда ғана суармалы жерлерді айналымға енгізуге мүмкіншіліктер туындайды.

Бүгінгі таңда санақта бар 59,7 мың гектар тұрақты суармалы жерлердің қазіргі уақытта қандай жерлер санатында екенін анықтау қажет деп есептейміз, себебі суармалы жер деп есепке алынған жерлер әр түрлі бағыттар мен мақсаттарда пайдаланылуда.

Істен шыққан суармалы жерлерді қалпына келтіруді және жаңадан ашылған суармалы жерлерді ауылшаруашылығы айналымына тарту мәселесі туындаған жағдайда топырағының құнарлығы, яғни балл бонитеті жоғары Бөрлі, Теректі, Бәйтерек және Орал қаласы маңындағы аймақтарды қарастырған жөн деп есептейміз, яғни Жайық, Шаған, Барбастау, Елек өзендері бойында орналасқан жерлер мелиоративтік жағдайы жақсы деп есептелінеді.

Жалпы Батыс Қазақстан облысында 39 су қоймасы болса соның 14-і республикалық меншікте, қалған коммуналдық меншіктегі 25 су қоймасының жалпы сыйымдылығы 204,4 млн.м³ болатын 17-сі жоғарыда аталған аудандардың аумағында орналасқан.

Мысалға Кеңес үкіметі кезінде, бұрынғы Зелёнов ауданына *(жалпы Бәйтерек ауданы бойынша 20503 га суармалы жер тіркелген)* қарасты Круглоозёр совхозтехникумы құрылымында 3015 га, Фрунзе учхозында 1200 га, Пермский совхозында 2583 га, Плодоовощное совхозында 1800 га, Теректі ауданына *(жалпы Теректі ауданы бойынша 20503 га суармалы жер тіркелген)* қарасты Плодовоягодное совхозында 3000 гектарға жуық тұрақты суармалы жерлер пайдалануда болып, көкөніс және малға жем-шөп (люцерна, суданка, донник, силос кукуруза және т.т.) өсіріп мол өнім алып жүрді. Оған қоса, бұрын пайдалануда болған, қазір қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан Теректі ауданы аумағында орналасқан Жайық-Шалқар каналының бойында 3500 га тұрақты суармалы жерлер болды.

Сонымен қатар суармалы жерлерді сумен қамтуға және экологиялық санитарлық мақсаттарға өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін Жәнібек суландыру суару жүйесіне Ресей Федерациясының Палласов суару суландыру жүйесінен 60-70 млн метр³ су тегін алынып жүрді. Қазіргі таңда республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың көлеміне сәйкес, алынатын судың көлемі 25-30 млн.текше метр³ -ден аспайды, Еділ суы ішінара ауыз суға және техникалық қажеттілікке, негізінен мал шаруашылығына яғни су тоғандарын толтыру арқылы мал суатын ұйымдастыру үшін Жәнібек және Бөкей ордасы аудандарының ауылдық округтеріне беріледі.

Істен шыққан суармалы жерлерді қалпына келтіруді және жаңадан суармалы жерлерді іске қосу мәселесіне қайта оралсақ:

Коммуналдық меншіктегі 25 су қоймасының жалпы сиымдылығы 204,4 млн. м³ болатын 17-сі, яғни 68%-зы Бөрлі, Теректі, Бәйтерек аудандарында орналасқандығын есепке ала отырып, осы аудандарда орналасқан су қоймаларын қайта зерттеп, пайдалануға жарамдылығын анықтау, яғни күрделі жөндеу, немесе қайта қалпына келтіру жұмыстарын қажет ететін су қоймалараның тізімін жасау; ауылшаруашылығы, жер қатынастары, табиғи ресурстар басқармалары және аудан әкімдіктерімен комиссия ұйымдастырып, тұрақты суармалы жерлерін де түгендеу жұмыстарын жүргізу қажет деп есептейміз.

Ауыспалы егіс жүйесін сақтау және сақталуын қатаң бақылауда ұстау қажет;

Ауылшаруашылығы мамандарын қайта даярлайтын оқыту семинарларын көптеп ұйымдастыру ұсынылады.

К.Б.ЖАКИПОВ
«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ басшы орынбасары

«ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ БӨЛІНЕТІНДІГІ МЕН БӨЛІНБЕЙТІНДІГІН АЙҚЫНДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері:

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: Күнтізбелік 15 (он бес) күн. Мемлекеттік қызметті көрсету түрі: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау туралы хат не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері: Тегін

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі: Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

1) «Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындауға арналған өтініш;

2) жер учаскесінің бөлінетін бөліктерінің және қолданыстағы құрылыстардың өлшемдері көрсетілген жер учаскесін бөлу схемасы;

3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер: 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-1-бабы 8-тармағының он екінші және он үшінші бөліктерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар: Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде «электрондық үкіметтің» веб-порталындағы пайдаланушының «жеке кабинеті», сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫ КӨЗДЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуына қарамастан әлемнің барлық елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да көрініс беруде, тек ауқымымен ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық даму процесін, нарықтық экономика құрылысын, инвестиция тартуды тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес негізгі терминдердің бірі ретінде анықталған сыбайлас жемқорлық латын тілінен «соггитреге» сөзі мағынасына қарай «мемлекет ағзасының, қоғамдық қатынастардың бұзылуы» дегенді білдіреді, «сатып алу» терминінің мәні ретінде - әдетте лауазымды адамның өз биліктік өкілеттіктерін және өзіне сеніп тапсырылған құқықтарын алдау, қорқытып алу, сөзбұйдаға салу жолымен Қазақстанда мемлекеттік саясат басымдықтарының заңнамасы мен моральдық нормаларына қайшы келетін пайдалануын білдіретін термин.

Сыбайлас жемқорлықтың бастауы қайда? Оның пайда болу себептерін анықтау, сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді жолдарын табу үшін мамандар, түрлі институттар, халықаралық ұйымдар жүздеген, мыңдаған зерттеулер жүргізді. Арнайы рейтингтер жасалып, әртүрлі көрсеткіштер мен сандар жазылған кестелер жасалды. Тіпті сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі формаларының формулалары да әзірленді. Әзірге барлық халықтар үшін қолжетімді күрестің жалғыз шешімі жоқ.

Осы жерде сыбайлас жемқорлықтың түпкі себептеріне тоқталайық.

Зерттеушілер сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі ретінде төрт факторды атап көрсетеді.

Біріншісі – экономикалық себептер. Бұл туралы құрметті президентіміз өз баяндамаларында талай рет айтқан болатын. Сыбайлас жемқорлықтың бұл түрі әлеуметтік-экономикалық өмірді тікелей әкімшілік әдістермен басқаруға ұмтылатын биліктің және бюрократияның жоғары лауазымы бар мемлекет жағдайында дамиды. Экономикалық қызметке әртүрлі шектеулер, лауазымды тұлғалардың рұқсат беру немесе тыйым салу бойынша кең, бақыланбайтын, шектеусіз өкілеттіктері сыбайлас жемқорлыққа негіз жасайды.

Осыған байланысты кейбір ауқатты бизнесмендер өздерінің кірістерін арттырып, бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу үшін мемлекеттік қызметкерлерге пара беруге тырысады.

Екіншісі – заңды себептер. Сыбайлас жемқорлықтың дамуы заңдардың сапасына байланысты. Жетілмеген заңдар жұмыс істемейді, ал кейбір орындаушылар мұны пайдаланады.

Үшіншісі – институционалдық себептер, оған ең алдымен мемлекеттік басқару жүйесіндегі ақаулар, демократиялық институттардың әлсіздігі жатады, соның салдарынан үкімет қызметі жабық немесе азаматтық бақылаудан босатылады.

Төртінші – әлеуметтік себептер немесе қоғамдағы орта, халықтың құқықтық білімі, мәдениет деңгейі, руханият, ұйымшылдық және қоғамдық белсенділік сияқты факторлар.

Бұдан шығатын қорытынды: сыбайлас жемқорлықты тудыратын факторлар осы құбылыс өмір сүріп жатқан қоғам жасаған жүйенің сау емес өмір сүруінен көрінеді.

А. САРБАСОВА
«Ортақшыл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен алдын-алу үшін, қарсы тұратын шаралар атқарылып, пара беру мен пара алудың қылмыс ретінде саналатынын халықтың санасына сіңіріп, өскелең ұрпақ жемқорлыққа жиреніп қарауы үшін біз қандай әрекет жасап, оларға қандай бағыт сілтей аламыз?! Мақсатқа жету үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіріп, жаны таза, ары ақ, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарытып, сыбайлас жемқорлықпен күресу-әрбір азаматтың міндеті деп білемін.Санамыз ісіміздің озып, еліміздің көркеюіне үлес қосып, ел игілігі үшін қызмет етіп, адамгершілік қасиеттер мен биіктен көрініп, азаматтардың құқығын таптап заңсыз әрекеттер жасалмаса, бұл жұмыстардың қорытындысы болары сөзсіз.

Б.САРТАЙ
«Жөлек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

Жемқорлыққа қарсы күрес-әр азаматтың міндеті

Жемкорлыққа қарсы күрес – мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі. Оның алдын алу үшін көптеген іс-шаралар қолданылып, атқарылған жұмыс аз емес.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Онымен қалай күресіп жатыр немесе қалай әшкерелеп отыр – ол басқа мәселе», деп атап өтті.

Осы тұрғыда Қоғалы ауылдық округі әкімінің аппаратында сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтарының алдын алуды насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар туғызатын үйлеспеушіліктерді, олқылықтарды, қайшылықтарды жою мақсатында ауыл тұрғындарына, мекеме басшыларына жиналыс өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.

«Қоғалы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2024 жылдың 18 қыркүйегіндегі № 47 - Ө бұйрығына қосымша.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2024 жылдың IV тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден17-00 ге дейін	Байқоңыр қаласы, Совет Армия, 11 үй	8 /336 22/ 7-64-11

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622)7-63-22** нөмірлі **«Сенім телефоны»** күнделікті жұмыс уақытында (9-00 ден 18-30 дейін, үзіліс 13-00 ден 14-30 дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

2024 жылғы 4-тоқсандағы Аламесек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу КЕСТЕСІ

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажибаев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, К.Әбішов көшесі№26 үй	8(724-31)34-3-03

Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2024 жылдың IY-тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Алдамұратов Мұрат Жұмаділұлы	Ауыл әкімі	Сәрсенбі күні сағат 15.00-18.00	Тұрмағамбет ауылы, Ешнияз сал көшесі, 57 үй	2-51-23
Дауылкөл ауылды округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-51-23					

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ЖЕҢІЛДІКПЕН САТЫЛАТЫН ГАЗ – ӘЛЕУМЕТТІК ТАУАР

Алдымен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен автогаз құю бекеттері арқылы сұйытылған мұнай газын сату мәселелері талқыланған мәжіліс өткен болатын. Одан кейін аймақ басшысы газ сатумен айналысатын операторлармен кездесіп, жеңілдікпен сатылатын жанар-жағармайдан пайда көруді көздейтіндермен келісім-шарт бұзылатынын ескертті. Жиынға жауапты мекемелердің, құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

– «Мемлекет қолдауымен төмен бағада әкелінген газды пайда көру үшін бизнес өкілдеріне, жүк көліктеріне, сыртқа сататын компаниялардың әрекеті газ тапшылығына әкеп соғады. Жеңілдікпен сатылатын газ – әлеуметтік тауар, сондықтан оның игілігін халық көруі керек. Кәсіпкерлерді қолдаймыз, бірақ жұртшылық есебінен емес. Тұрғындарды 100 пайыз қамтамасыз еткеннен кейін ғана артылғанын сатуға болады. Автобекеттерде кезек, лимит қою, басқа да шектеулер мүлде болмауы тиіс. Жауапты басшылар, күнделікті рейд ұйымдастырып, сату барысын тексеріңіздер. Жоғары баға қоятын, газды мақсатына сай сатпайтын кәсіпкерлермен келісім-шарт бұзылады», – деп ескертті Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі мәселенің тиімді шешімін бірлесіп қарастыруға шақырды.

Жиында бағаны реттеу, орталықтандырылған сатуды ұйымдастыру үшін «Байқоңыр» ӘКК жанынан бірыңғай оператор құрып, газ қорын сақтау және сату ұсынылды. Корпорация 10 күн ішінде тиісті ұсыныс беріп, мәселені қолға алуы керек.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен «Ауыл аманаты» және «Артспорт» бағдарламаларының өңірде жүзеге асырылуы талқыланған мәжіліс өтті. Аймақ басшысы аталған бағдарламалар бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды.

«АУЫЛ АМАНАТЫНА» ҰСЫНЫЛҒАН ЖОБА КӨП...

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы біздің өңірде былтыр бастау алды. Өткен жылы республикалық бюджеттен 3 млрд. теңге қаржы бөлінсе, биыл 4 млрд. 600 млн. теңге қаралды. Қазіргі таңда нақты 1 млрд. теңге қаржы бөлінді. Қызылорда қаласы мен аудандарда 125 жобаны іске асыру жоспарланған, бүгінде 512 млн. теңгенің 68 жобасы қолдау тапқан. Аудандардан ұсынылған жоба өте көп. Бірақ, құжат қабылдау, портал жұмысының баяулығы жұмысқа кедергі келтіруде. Өткен жылы несие алған азаматтар салық және міндетті әлеуметтік төлемдерді дұрыс төлемеген. Бағдарламаны тиімді және мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыруда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуіміз қажет. Әрбір жоба және оны сүйемелдеу жұмыстарының барысы жеке-жеке сұралатын болады», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында аудан әкімдері бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытта жоспарланған шараларды баяндады.

Әкім тапсырмасы: Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасымен бірлесіп, өткен жылы несие алғандарға толыққанды талдау және мониторинг жасау тапсырылды. Анықталған ақпаратты басқармаға ұсынып, елді мекендердегі кәсіп бастаймын деген ынталы азаматтардың бағдарламаға қатысуын қамтамасыз ету, сүйемелдеу керек.

Сондай-ақ, аталған басқарма «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, «Ауыл аманаты» бағдарламасына қаралған қаражаттың тиімді әрі уақытылы игерілуін қамтамасыз етуі тиіс. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы несие иеленгендер арасынан атаулы әлеуметтік көмек алушыларды анықтап, отбасының цифрлық картасы негізінде міндетті әлеуметтік төлемдер және оның категориялары бөлінісіндегі ақпаратты ұсынуға жауапты. Ал облыстық денсаулық сақтау басқармасына міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударым жасаған несие алушыларға талдау жүргізу жөнінде тапсырма берілді.

Мұнан бөлек облыс әкімі «Артспорт» бағдарламасы аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық тапсырысты орындайтын кәсіпкерлер жұмысын әлі де зерделеу қажет екенін ескертті. Бюджеттің әрбір тиыны бақылауда болуы тиіс. Сондықтан мониторингтік топ жұмысын тұрақты түрде жалғастыру қажет.

КЕМШІЛІКТЕРДІ ТЕЗ ТҮЗЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала және аудан әкімдерінің қатысуымен арнайы мәжіліс өткізіп, құрылыс нысандарының уақытылы және сапалы салынып, қолданысқа берілуі, күріш орағының барысы туралы мәселелерді талқылады.

Сонымен бірге қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтау, елді мекендердің тазалығы, жылу маусымына әзірлік жайы да назардан тыс қалмады. Жиында қаладағы қоғамдық көлік қозғалысы, коммуналдық қызметтің үздіксіз, әрі сапалы көрсетілуіне қатысты мәселелер де қозғалды.

Аймақ басшысы құрылыс алаңдарындағы жұмыс барысын күнделікті қадағалауды тапсырды. Елді мекендердің тазалығы да ұдайы бақылауда ұсталуы тиіс. Жылу маусымы жақын қалғандықтан, бұл бағыттағы жұмыстардың тиянақты орындалуы маңызды.

Нұрлыбек Машбекұлы тұтынушыларға сапалы, талапқа сай қызмет көрсетілуі тиіс екенін атап өтіп, орын алған кемшіліктерді тез арада түзету туралы тапсырмалар жүктеді. Тұрғындар күнделікті тұрмыс-тіршілікте кезігетін мәселелерді жиі көтереді. Бұл ұсыныстар мен түйткілдер жан-жақты сарапталуы керек.

Жиында атқарылған жұмыстар баяндалып, тұрғындар қозғаған мәселелерді негізге алып, оларды тиімді шешу жолдары қарастырылды.

ОРТАША ӨНІМ БЫЛТЫРҒЫДАН ЖОҒАРЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқанының барысы қаралды. Жиынға Ауыл шаруашылығы, Энергетика министрліктері қатысып, өңір әкімдіктері мен агробизнес өкілдері онлайн байланыс арқылы қосылды.

Биыл облыста 189 400 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Ерте пісетіндері толық жиналып, қазір мал азықтық, майлы дақылдар мен көкөніс, бақша өнімдері қазылуда.

Өткен жылы 193 400 гектар егістіктің 89 мың гектарына күріш егілген болатын. Биылғы күріш егісінің көлемі 85 641 гектар, оның 47 400 гектары (55%) орылып, 39 500 гектары (46%) бастырылды, 203 300 тонна өнім жиналды. Орташа өнім гектарына 51,5 центнерден келуде, былтыр 47,9 центнер болған еді. Егін жинау қазанның бірінші онкүндігінде толық аяқталады.

Науқанға толық жөндеуден өткен 4 440 ауылшаруашылығы техникасы жұмылдырылған, 8 100 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Жанар-жағармайды жеткізуші жергілікті операторлармен келісім жасалып, жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде. Сыйымдылығы 551 мың тонналық 216 сақтау қоймасына алдын-ала дератизация жасалды. Қазір осы сақтау қоймалары жаңа орылған астықты қабылдауда.

Жиында «Таң ЛТД» ЖШС басшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауға алғыс білдіріп, атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді және ұсыныстарын жеткізді.

– «Биыл біздің серіктестік тамшылатып суару әдісімен 800 гектарға жүгері екті, келер жылы оның көлемін 3 мың гектарға жеткізеді. Суды үнемдеу үшін егістік жерімізді 100 пайыз лазермен тегістедік. Бұл суармалы суды 30 пайыз үнемдеуге мүмкіндік берді. Осы ретте су үнемдеу технологиясының жабдықтарын «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы жеңілдетілген лизингпен беру мәселесін қарастыруды ұсынамыз. Бұл жаңа технологиямен егілетін егіс көлемін ұлғайтуға оң септігін тигізері сөзсіз», – деді Имамзада Қуанышбайұлы.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте жауапты тұлғаларға өнімді шығынсыз жинап алу, барлық талапқа сай етіп сақтау тапсырылды. Ауа райы қолайлы кезде егін жинау жұмыстары қарқын алып, уақытылы аяқталуы тиіс.

АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамовпен бірге «Самара-Шымкент-Қызылорда» аудандық маңызы бар автожолды қайта жаңғырту жұмыстарын көрді.

Мердігер мекеме «УАД» ЖШС 8,4 шақырымдық жолды төрт жолақты, көлік жүретін бөлігінің енін 14 метр етіп салуда. Құрылысты 6 айда бітіру жоспарланған.

Айдың соңына дейін бір жолақ 7 метр ені толық бітеді, қалған екінші жолақ қазан айында аяқталады.

Қазір құрылыс алаңында техникалық қадағалаушы «Қызылорда Нұр Строй Инжиниринг», авторлық қадағалаушы «Блеск Мастер» серіктестіктері де жұмыс жасауда.

Аймақ басшысы құрылыс жұмыстарын сапалы әрі жоспарға сай жүргізуді тапсырды.

АЛМАТЫЛЫҚТАР ҚЫЗЫҚТЫ

Республика сарайында Қызылорда облысының Алматы қаласындағы өнер күндері аясында «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ашылды. Көрмені Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, ақын-жазушылар, шығармашылық және зиялы қауым өкілдері тамашалады.

Сыр өңірінің тарихын баяндайтын 6 бөлімді көрмеге ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген Қорқыт мұрасы, XIX-XX ғасырларда Сыр бойы қазақтары пайдаланған құнды этнографиялық бұйымдар, музей қорындағы теңдесі жоқ зергерлік бұйымдар коллекциясы қойылды. Сонымен қатар тарихи тұлғалар Бұқарбай батыр Естекбайұлының, Қалмұхаммед ишан Маралұлының, Ер Сейітпенбет әулиенің, Сердалы би Бекшораұлының, Құлболды ишан Сұлтанұлының қару-жарақ, мөр, кітап, қолжазба, шежіре сияқты пайдаланған жәдігерлері де бар. Сыр елінен шыққан белгілі тұлғалардың домбыралар коллекциясы және «Алтын домбыра», тағы да басқа жаңғырған жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды.

Атап айтсақ өткен жылы жасалған «Шірік Рабат сақ жауынгері» реконструкциясы және оған тиесілі бұйымдар, облыстық музей қорындағы Шірік Рабат, Бәбіш мола қалашығынан табылған алтын жапсырмалар, қыш ыдыстар да келушілер қызығушылығын тудырды. Сондай-ақ, көрмеден «Сығанақ ханшайымы» реконструкциясы және маржан көзді алтын сырғалар, көгілдір ақық көзді цилиндр формасындағы тұмар, тамшы формасындағы түймелер және маржан моншақтардың түпнұсқа коллекциясы, қыш ыдыстар мен глазурлі қаптамалар, құмыралар орын алған.

Биыл қайта жаңғыртудан өткен «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкцияларының да тарихы терең. Түгіскен көсемінің мүрдесі Оңтүстік Түгіскен ескерткішінен өткен ғасырдың 60-жылдары С.П.Толстовтың жетекшілігімен жүргізілген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы кезінде табылған. Ал Жетіасар мәдениетін зерттеген Л.М.Левинаның жетекшілігіндегі археологиялық экспедицияға әйел адамның қаңқасы және әшекей бұйымдары, киім қалдықтары кезіккен. Көрмеге биыл жасалған «Түгіскен көсемі» реконструкциясы және Оңтүстік Түгіскен ескерткішіне жататын музей қорындағы қыш бұйымдар мен ыдыстар қойылған. Мәскеу қаласындағы Миклухо-Маклай атындағы Антропология және этнология институтының қорында, Мәскеу қаласындағы музейлерде сақталған Жетіасар ескерткіштерінен табылған археологиялық материалдар негізінде жасалған «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциясы да келушілер назарына ұсынылды.

Сонымен қатар көрмеге келушілер оғыздардың астанасы болған Жанкент қалашығынан табылған қыш дастарханды, саптыаяқтар коллекциясын, қыш қазандықты, керамикалық ыдыстарды, ортағасырлық Қышқаладан табылған глазурлі қаптамаларды қызықтады.

Осылайша Сыр бойындағы ежелгі өркениет іздерін, Тәуелсіздік жылдарында Шірік Рабат, Сығанақ, Түгіскен, Жетіасар, Жанкент, Қышқала, Асанас қалашықтарына жүргізілген кешенді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі туралы көпшіліктің танып-білуіне мүмкіндік жасалды.

Оркестр облыстық филармония жанынан 2007 жылы құрылған. Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдық мерейтойы қарсаңында тұсауын кескен ұжымға шайырдың аты берілді. Содан бері оркестр рухани құндылығымызды дәріптеу, ұлттық өнерді өрістету жолында жемісті жұмыс жасап келеді. Негізгі құрамда кәсіби білікті мамандар еңбек етеді.

Репертуарында халық әндері және Қазақстан композиторларының туындылары, классикалық шығармалар бар. Оркестр облыс әкімдігінің қолдауымен бірнеше мәрте шет елдерге гастрольдік сапармен барды.

* * *

Алматы қаласындағы Республика сарайында «СҰЛУ СЫРДАН-АРУ АЛМАТЫҒА» атты өнер шеберлерінің гала- концерті өтті. Сыр өнерпаздары алматылық көрермен назарына халық әндерін, жыраулық өнер мұрасын, классика және эстрада жанрындағы музыкалық туындыларды ұсынды.

Өткен жылы Сыр өнерпаздары Астана қаласында Қызылорда облысының өнер күндері аясындағы концерттік бағдарламасымен елордалықтардың ыстық ықыласына бөленді. Бастаманың жалғасы ретінде өңірдің өнер шеберлері Алматыға шақырту алған болатын.

Бұл – қызылордалық өнерпаздардың Республика сарайындағы тұңғыш концерті.

Ән-жырдың ту тіккен ордасынан жеткен өнер майталмандары еліміздің басты сахналарының бірінде өтетін концертке тыңғылықты дайындықпен барды. Алматылық талғампаз көрерменнің назарына ұсынылатын әр нөмірге жете мән берілді. Сахна шымылдығы ашылғанда орындалған “Отан-ана”, “ Сыр елім”, “Сырдың Қараторғайы” әндері тыңдаушысын баурап алды.

Жерлесіміз, еліміздің Еңбек сіңірген әртісі Ғани Құлжановтың, театр әртісі Нұрдәулет Баймаханның туған жер тақырыбындағы монологі әрбір адамның кіндік қаны тамған топыраққа деген сағынышын оятқаны сөзсіз. Бейнебаян арқылы Сыр бойының тарихы мен бүгіні, Қызылорданың жаңарған келбеті айшықталды. Қасиетті жерден түлеп ұшып, қазақ өнеріне қызмет еткен Т.Жүргенов, Р.Бағланова, Ә.Нұрпейісов, Қ.Қожықов, Н.Бекежанов, С.Майқанова, К.Дүйсекеев, М.Ерәлиева, Б.Шөкеновтің жарқын бейнелері жұрт жадында жаңғырып өтті.

Сыр бойының бойтұмарындай болған жыраулық, жыршылық дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа жеткен асыл мұралары кез-келген өнер мерекесінің сән-салтанатын аша түседі. Бұл концертте де дәстүрлі өнер шеберлерінің шеруін күткендер Тұрмағамбеттің «Тәлімін», Нұртуғанның «Жырауларға өсиетін», Нартайдың жыр бастауын, З.Дәулетбаевтың «Сыр сүлейлерін», Сәрсенбай жыраудың термесін Руслан Ахметов, Шолпан Биімбетова, Ақмарал Ноғайбаева, Майра Сәрсенбаева, Серік Жақсығұловтың орындауында тыңдап, бір серпілді. Айтыскер ақын, «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов арнау айтты.

Оркестрдің сүйемелдеуімен белгілі күйші М.Сыдықовтың «Батыр баба» күйі, халық әндері орындалды. «Мәңгілік мұра» этномузыкалық композициясы, әлемдік классикалық музыкадан топтама, Алматы туралы әсем әндер шырқалды. Баян, рояльмен орындалған туындылар, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар, симфония оркестрлерінің сүйемелдеуі, «Томирис» би ансамблінің сахнаны көркемдеуі өнер мерекесінің өрнегін әсемдей түсті.

Гала-концерт жерлесіміз, ақын, композитор Е.Әбдіхалықованың «Қазақ елі» әнімен қорытындыланды. Алматы аспанын әдемі әндерімен, саф өнерімен тербеген Сыр өнерпаздарына көрермен қауым қошеметін аямады. Келесі күні Құрманғазы оркестрінің концерттік залында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің «Жыр – қазына, күй – күмбез» атты концерт өтті.

Гала-концертті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам, өнер қайраткерлері тамашалады. Оркестр Р.Балмасовтың дирижерлігімен концерттік бағдарламаны сүйемелдеп, М.Сыздықовтың “Батыр баба”, И.Ысқақовтың “Күріш-шілер биі” туындыларын орындады. Ғасырлар қойнауынан жеткен қазынаны сахна төрінде жарқыратқан өнер ұжымына көрермен қауым зор қошемет көрсетті.

Бұл концертте де халық әндерін, күйлерді домбыра, бас домбыра, қобыз, қылқобыз, басқобыз контрабасқобыз, жетіген, сырнай, сазсырнай, сыбызғы, шаңқобыз, үрмелі аспаптармен түрлендіріп, тыңдарманнан жоғары баға алды.

“АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ”

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысының күн тәртібінде су тасқыны салдарын жою және оның алдын алу мәселесі талқыланды. Жиынға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, жауапты басшыларға бірқатар тапсырма берді.

– «Облыс аумағында 2023-2024 жылдары қыс-көктем мезгілінде су тасқынының алдын алудың кешенді шаралары ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқыс оқиғалар мен қауіпті жағдай болған жоқ. Дегенмен, апат айтып келмейді. Алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып, дайын болуымыз қажет. Сырдария өзенінің су шаруашылығы нысандарын зерттегенде жағалаудың осал тұстары анықталған. Бұл учаскелердің кейбіреуі республикалық меншікте.

Бұдан бөлек, облыс аумағында 4 стратегиялық маңызды су торабы бар. Олар арқылы мол суды қауіпсіз өткізу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бүгінде 6 су қоймасының 3-ін жөндеуге облыстық бюджеттен 94,9 млн теңге бөлінді. Сырдария өзені бетіндегі мұзды өз деңгейінде қатырып алу бірінші кезектегі мақсатымыз болу қажет. Сондықтан ықтимал су тасқынына дайындықты қазірден бастап жүргізу керек», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиын қорытындысында Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасымен бірлесіп, өз аумақтарындағы учаскелерді қатаң бақылауға алу, аса қауіпті тұстарды нығайту тапсырылды. Ықтимал су басу аймақтарына арнайы техникалары бар жауапты мекемелерді бекіту қажет. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор жасақтау, эвакуациялық жинақтау және қабылдау пункттерін дайындау да маңызды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына «Қазсушар» Қызылорда облыстық филиалымен бірлесіп, магистралды каналдар мен көлдер жүйесін түгендеу, су алу кестесін әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырған болатын. Осыған байланысты аудан әкімі Берік Сәрменбаев С.Сейфуллин ауылындағы №30 барлау-өндірістік ұңғымасын орнату бойынша монтаждау жұмыстарымен танысты.

“СЕЙФУЛЛИНДЕ” АУЫЗ СУ ТӘУЛІК БОЙЫ БОЛАДЫ

Биыл С.Сейфуллин және Іңкәрдария ауылдарында қосымша барлау-өндірістік ұңғымасын орнатуға аудандық бюджеттен 117,9 млн. теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде С.Сейфуллин ауылындағы барлау-өндірістік ұңғымасын орнату жұмыстарын мердігер мекеме «Stroy Global – 2018» ЖШС атқаруда. Ал Іңкәрдария ауылында құрылыс жұмыстары енді басталатын болады.

Құрылыс жұмыстары туралы аудан басшысына «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖККБД филиалының аудандық өндірістік учаске басшысы Марат Исмагулов айтып өтті. Қазіргі таңда ұңғыма орнату жұмыстары аяқталып, ауыз суды тазарту жүргізілуде.

Аудан әкімі тұрғындарға ауыз суды тәулік бойына беруде еш кедергі болмау керектігін атады. Соған сай қосымша өндірістік су ұңғымасының сапасына аса мән беру керектігін атап, салалық орынбасарына тұрақты бақылауда ұстау жөнінде тапсырма берді.

ЖЕҢІМПАЗҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы Бексұлтан Бостандықовты және жаттықтырушысы Хакімжан Елеусіновты арнайы қабылдап, жеңіспен құттықтады. Қабылдауға аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев және спорт саласының қызметкерлері қатысты.

Б.Бостандықов 2005 жылдан бері тоғызқұмалақпен шұғылданып келеді. Спорттық мансабында көптеген жетістіктерге жетуде. Еуропа, Азия чемпионы болса, жылдың басында ҚР чемпионы атанды. Түркия мемлекетінде өткен Әлем біріншілігіне қатысты. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері бүгінде көптеген шәкірт тәрбиелеп жүр.

Аудан басшысы көшпенділер ойындары жеңімпазының жарқын жетістігі ел мерейін үстем еткенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Астана қаласында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өткен болатын. Әлемнің 90-ға жуық мемлекетінен 2500-ге жуық спортшы қатысқан дүбірлі додада 97 медальді сарапқа салынып, ел спортшылары жоғары жетістікке жетті. Аталған байрақты бәсекеде ауданның мақтанышы Бексұлтан Бостандықов спорттың тоғызқұмалақ түрінен жеңімпаз атанып, облысымыздың абыройын асқақтатты. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев көшпенділер ойындары жеңімпазының жетістігін жоғары бағалап, облыс орталығында сый-құрмет көрсетілді.

Аудан абыройын көтеріп, халықаралық жарыстағы үлкен жеңіспен шын жүректен құттықтаймын! Осындай жетістікке жетуде жаттықтырушы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Хакімжан Елеусіновтың және ата-анаңыздың еңбегі зор. Дарынды шәкірт және ұлағатты ұрпақ тәрбиелегендеріңіз үшін Сіздерге шынайы алғысымды жеткіземін, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Аудан әкімі көшпенділер ойындарының жеңімпазы Б.Бостандықовты жаттықтырушысы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Х.Елеусіновты «Алғыс хатпен» марапаттап, сый-құрмет көрсетті. Сонымен қатар, анасы А.Әлиеваға да құрмет көрсетілді.

Өз кезегінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев сөз сөйлеп, бұл жеңіс елдің мерейі екенін айтса, облыстық дәрежедегі аға жаттықтырушы Хакімжан Елеусінов алғысын білдірді.

ЕЛЕУ КӨШЕРБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛДЫҚ

Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде өткен мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған волейболдан XXV халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев, Елеу Көшербаевтың ұрпақтары, мемлекет және қоғам қайраткерлері келді.

Жарысқа Өзбекстаннан, Астана, Шымкент қалалары мен Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 25 команда қатысты.

Аймақ басшысы турнир қатысушыларына ізгі тілегін білдірді.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде: «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз», – деген болатын.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен және кәсіпкерлердің демеушілігімен соңғы жылдары аймағымызда заманауи спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Өткен жылы 13 спорт кешені салынып, бүгінде оның 9-ы ел игілігіне табысталды. Биыл 10 спорт кешенінің құрылысы басталды.

Бұдан бөлек халықаралық стандарттарға сай келетін 10 000 орындық Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Үстел теннисі орталығының құрылысы аяқталды, жақында пайдалануға беріледі. Құрылысы жоспарланған «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінде 2000 көрерменге арналған арена, олимпиадалық стандартқа сай келетін бассейн және 600 адамдық көрермен залы, жаттығу, конференц және хореография залдары болады. Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» бағдарламасымен Ғани Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы күрделі жөндеуден өткізілуде. Осылайша біз жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортпен шұғылдануына қолайлы орта қалыптастырудамыз. «Спорт – денсаулық кепілі» десек, нысандарды көпшілікке қолжетімді ету арқылы халық денсаулығын жақсарту біздің басты міндетіміз болып қала бермек», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты рәсімде мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Айтбай Көшербай мен Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев сөз сөйледі. Сондай-ақ, іс-шарада турнирді ұйымдастыруға атсалысқан спорт саласының қызметкерлері марапатталды.

Е.Көшербаев Тереңөзек, Сырдария аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, Қармақшы, Қазалы аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған. Зейнетке шыққан соң да облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып игі істер атқарды.

МҮГЕДЕК ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР ЖАҢАРТЫЛДЫ

Енді сот әрекетке қабілетсіз деп таныған он сегіз жастан асқан адамдардың қамқоршылары eGov.kz порталында онлайн өтініш бере алады. Арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер қаражатын алу үшін жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға болады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласында «кедергісіз орта» құру азаматтардың әртүрлі санаттары үшін, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Бұрын сот әрекетке қабілетсіз деп таныған он сегіз жастан асқан адамдардың қамқоршылары қағаз түрінде құжаттар жинап, арнайы өтінімдерді ресімдеу үшін кезекте тұрған. Жаңартылған қызмет уақыт шығындарын едәуір азайта отырып, қажетті құжаттарды онлайн режимінде беруге мүмкіндік береді.

Енді қамқоршыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің келесі түрлерін алуға онлайн-өтінімдерді ресімдеу қолжетімді:

- мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету;
- жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің көрсетілетін қызметтерін пайдалану;
- мүгедектерді техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз ету;
- мүгедектерді арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;
- мүгедектер мен мүгедек балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету;
- есту қабілеті нашар мүгедектерге ымдау тілі маманыныңқызметін пайдалану (жылына алпыс сағат);
- үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер алу;
-медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер алу.

Көрсетілетін қызметтерді алу үшін:

- eGov.kz порталында авторизациядан өту және «Әлеуметтік қамсыздандыру» бөліміне өту қажет;
- бұдан әрі «Мүгедектігі бар адамдарды қолдау» бөлімінде ұсынылған тізбеден қажетті көрсетілетін қызметті таңдау керек;
- ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қою керек.

Көрсеткен уақыт ішінде келіп түсетін өтінімді өңдеу туралы хабарламмен Жеке кабинетте танысуға болады («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде).

Көрсетілетін қызметтердің жаңартылған функционалы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Сыздықов Әбілқайыр Әбілпаттаұлы	«Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні. Сағ. 15.00-17.00	Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі № 4	21-6-90

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда,** Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №4 үйде *(Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты)* орналасқан Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде 21-6-90 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, **Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде** азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)71-16-51 сенім телефоны жұмыс істейтін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам **в отделе занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кызылорда** ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)71-16-51.

БОЛАШАҒЫМЫЗҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ: ЗЕЙНЕТАҚЫМЫЗДЫ БОЛЖАЙМЫЗ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАЙМЫЗ

2024 жылдың 20 қыркүйегінде «БЖЗҚ» АҚ-ның барлық филиалдарында «Болашақ зейнетақыны қалай жинақтап, болжамды мөлшерін білуге болады: зейнетақы калькуляторы және жинақтау жоспары» тақырыбында дәстүрлі Ашық есік күні өтті.

Биыл Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі өзінің 26 жылдығын атап өтті. Осы уақыт ішінде жас қазақстандықтардың тұтастай бір буыны өсті. Жастар енді мемлекеттік бюджеттен ортақ зейнетақы төлемдерін ала алмайды. Десек те, лайықты зейнетақыны өз бетінше қалыптастыру мүмкіндігіне ие. Сондықтан, қарттық шақтағы өміріңіз жайлы болу үшін, зейнетақыны жас кезден бастап жоспарлау қажет.

Өздеріңізге белгілі, қазір қазақстандық зейнетақы жүйесі бірнеше деңгейден және төлем көздерінен тұрады: мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ бөліктер түссе, жинақтаушы бөлік БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылады. Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі үш тарапқа бөлінген, олар: мемлекет, азаматтар және жұмыс берушілер. Сондықтан, қызметкер үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы аударуын қадағалап, өзінің болашақ зейнетақысын дұрыс жоспарлау өте маңызды. Қор мамандары «Ашық есік күніне» қатысушылармен болған кездесуде зейнетақыны болжауға және жоспарлауға көмектесетін құралдар туралы баяндады.

«Зейнетақы калькуляторы» және **«Зейнетақы жинақтарының жеке жоспары»** сервистерінің көмегімен сіз өзіңіздің болашақ зейнетақыңызды алдын ала есептеп, оны ұлғайту жөніндегі шараларды ойластырып/жоспарлай аласыз.

Іс-шараға қатысушылар БЖЗҚ сайты мен БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы «Зейнетақы калькуляторы» көмегімен болашақ төлемдерді есептеу мәселесіне ерекше қызығушылық танытты. Қонақтардың көпшілігі ағымдағы және болжамды калькулятордың мүмкіндігін жоғары бағалады, бұл пайдаланушыға барлық зейнетақы төлемдерінің, соның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен зейнетақының және БЖЗҚ-дан жинақтаушы төлемнің болжамды мөлшерін дербес есептеуге мүмкіндік береді.

Қатысушыларды, сондай-ақ, зейнетақы калькуляторының сақтандыру ұйымынан берілетін сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемін есептеу бойынша өзектендіру және Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасындағы соңғы өзгерістерге сәйкес болжамды зейнетақы калькуляторының қызметтері сияқты жаңа функциялар да қызықтырды.

Іс-шара барысында қатысушыларға зейнетақы жоспары арқылы қажетті зейнетақыны қалай жоспарлау керектігі көрсетіліп, оларды сервистің жаңа дизайнымен және жаңа функциялармен, атап айтсақ, салымшының жинақтаушы жүйедегі өтілін автоматты түрде есептеу мүмкіндігімен таныстырды. Сондай-ақ, жоспарланған мақсатқа, мысалы, ерікті зейнетақы жарналарының көмегімен қалай қол жеткізуге болатындығы туралы кеңестер берілді.

Негізгі тақырыпты талқылаудан басқа, БЖЗҚ бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, тілек білдірушілермен жеке ақыл-кеңес өткізді.

Атап кетейік, зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша ақыл-кеңесті БЖЗҚ филиалдарына өзіңіз барып та, enpf.kz сайтында, мессенджерлерде және әлеуметтік желілерде онлайн режимінде де алуға болады. Мұны қалай жасау керектігі іс-шара барысында айтылды.

Онлайн кездесу салымшылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Қатысушылардың пікірлері бойынша пайдалы және нәтижелі болды.

АХАТОВТЫҢ ӘКІМДІК АМБИЦИЯСЫ:

НӘЛІБАЕВ ПӘРМЕНІ МЕ, ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ МЕ?

Жалпы жол көлік инфрақұрылымы қоғам арасында жиі талқыланып жүргені бесенеден белгілі. Бұл мәселеден Қасым-Жомарт Тоқаев та жергілікті билікке қатаң тапсырма берді.

– Автокөлік жолдары – елдің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігінің күретамыры. Негізгі қалаларымыз бен аймақтарымыздың арасын сапалы жолдармен жалғау маңызды, - деген еді ел президенті.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауы негізінде, аймақ басшысының үйлестіруімен қаланың жол-көлік инфрақұрылымы тұрақты түрде дамуда. Биылдың өзінде жолды жақсартуға 36 млрд. теңге қаражат қаралған. Өткен жылы жолға 12 млрд. теңге екенін ескерсек, биылғы бөлінген қаржының үш есеге артқанын, сәйкесінше, талап пен жауапкершіліктің көбірек жүктелгенін аңғардық. Бөлінген қаражатқа қала және оған қарасты кент және ауылдық округтердегі 99 көше орташа жол жөнделіп, қайта жаңғырып, сонымен қатар жол және көпір құрылыстары салынуда.

Бөлінген бюджеттің мақсатты игерілуіне кей тұрғындар күдіктенуі мүмкін. Қай көшеге қанша қаржы бөлінетінін нақтылап, анықтағанда бұл күдіктің бекер екенін аңғарамыз.. Қала бойынша бөлінген 36 млдр. теңгенің 34,5 млрд. теңгесі 59 көшенің орташа жол жөндеу, қайта жаңғырту, жол және көпір құрылыстарын салу жұмысы жүргізілуде. Қалған 1,5. млрд. теңгеге Кент және ауылдық округтерге 40 көшенің жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 33 көшеге жол жөндеу жұмыстарына 942,8 млн. теңге бөлінген.

Әуежай жолы және Шиелі ауданынан қалаға кіреберіс айналма көпірден аспалы көпірге дейінгі аралықтың кеңейтіліп жатқанынан қалалықтар хабардар. Сонымен қатар Қожа Ахмет Яссауи көшесі мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесі қайта жаңғыртылуда.

Айта кету қажет, қаладағы ең ұзын көшелердің бірі есептелетін Е.Көшербаев көшесі де 434 млн. теңгеге қайта жаңғыртылып пайдалануға берілді. Көлік қозғалысы көп көшелерді жарамдылық мерзімінен өткізіп алмай, тыңғылықты жөндеп отыру басты міндет.

Құны 350 млн. теңгеге М.Шоқай және Қорқыт ата көшесінің 5.5 шақырымы 4 жолақтыға ауыстырылып, жүріс бөлігінің ені 14 метрге кеңейтілді.

Қала көшелеріндегі жолдарға күрделі жөндеу жұмыстары кесірінен оқушылардың сабаққа уақытылы баруы қиынға соғып жатқаны анық. Сонымен қатар автобустардың да бағыты өзгеріп, жол ұзарып жатқаны мәлім. Десе де, мұның бәрі – уақытша қиыншылық. Сәл күтсек, жаңарған байырғы жолдармен діттеген жерімізге

уақытылы жету қиындық тудырмайды. Есесіне, сапалы жолмен межелі жерге тез жетуге мүмкіндік жасалмақ.

Көпшіліктің сұрауымен ұзындығы 9,6 шақырымды құрайтын «Қызылорда-Жезқазған» бағытының қалаішілік автомобиль жолын да жөндеу күн тәртібіне енгізілген. Аталған бастамаға «ҚазАвтоЖол» 2,7 млрд. теңге бөлгелі отыр. Бүгінде мемлекеттің сатып алу конкурсы жарияланды.

Жол мәселесінен туындаған өзгерістер мұнымен тоқтап қалмайды. Көптен бері тұрғындар Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі жолды сынға алып, талап-тілегін айтқан - тұғын. Бұл жолдар да алдағы уақытта күрделі жөндеуден өтіп, халықтың мұң-мұқтажы жауапсыз қалмайды.

Жақында ғана магистралды көшелердің бірі – Жаппасбай батыр көшесі қайта жаңғыртылып, 4 жолақтыға ауыстырылды. Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы дейінгі аралыққа су жаңа жол салынып, көлік ағыны ретке келіп қалды.

Баспасөз туры барысында қала әкімі Нұржан Ахатов та қала көшелеріндегі жолдардың бағытын пысықтап, жол инфрақұрылымының маңызын алға тартты.

– Мемлекет басшысының, үкіметтің қолдауы мен аймақ басшысының үйлестіруімен биыл қаламызда жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Осы бағытта 36 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қала ішіндегі, кент-ауылдардағы 99 көше орташа жөндеу мен қайта жаңғыртудан өтіп жатыр. Енді халық көбірек шоғырланған жерлердің жолына екпін қойып отырмыз, - дейді қала басшысы.

Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз-барлауда жол инфрақұрылымының Сыр өңірінде дамып, жаңа технологиялардың іске қосылғанын байқадық. Құрылыс мамандары күн-түн демей, ел игілігі үшін тер төгіп жатыр. Жалпы Қызылордада жол мәселесі өзге өңірлерге қарағанда әлдеқайда алда екенін қаладан қалаға қатынайтын жүргізушілер ұдайы айтып отырады. Біршама уақыт жемқорлықтың карикатурасы, басты прототипі саналған жол мәселесінің аяққа тұрып, оң өзгеріске ұшырағаны шынымен көңіл қуантады. Іс аяқсыз қалмаса дейміз!

Жалағаш – ертеден шаруашылыққа бейім, кәсіпке біртабан жақын аудан. Тұрғындары да әр жаңашылдыққа тас-түйін дайын. Мұндайда бұқараның бақытын түгендеп, қалауын қалыс қалдырмаған мемлекеттік бағдарламаның да үлесі зор. Шаруасы шаш етектен болса да мұрнынан шаншылмай, істі дөңгелетуге ден қойған. Бұл ретте естігенімізді емес, топырағына табанымыз тиіп, көргенімізді һәм түйгенімізді тәптіштеп жеткізбекпіз. Қызылорда облыстық Қоғамдық даму басқармасына қарасты Өңірлік коммуникациялар қызметі мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының ұйымдастыруымен өткен сапарды баяндайық.

ЖАЛАҒАШ: КӘСІП пен КІРІС

Жалағаш ауданы бойынша биылғы жылдың 8 айында 3011 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Осының 2878-і жұмыс істеп тұр. Жыл басынан аудан бойынша 3млрд. 042 млн. теңгені құрайтын 94 жоба қаржыландырылған.

Жеке кәсіпкер Б.Ахметованың «Әділет» базары талапқа сай келмегендіктен жабылып, оның орнына 2023 жылдың тамыз айында заманауи үлгідегі жалпы алаңы 360 шаршы метр, жалпы құны 100 млн. теңге, оның 57 млн теңгесі «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Банк Центр Кредит» АҚ арқылы жеңілдетілген пайызбен қаржыландырылған «Далида» сауда үйі іске қосылды.

Баспасөз туры осы “Далида” сауда үйінің ашылуымен басталды. Бұл сауда үйі - жалағаштықтардың асыға күткен жаңалығы. Бұл нысанды жеке кәсіпкер Бақыт Ахметова «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында салды. Ғимараттың ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов арнайы келіп, сауда үйінің жұмысына сәттілік тіледі. Енді аудан тұрғындары қалалықтар сияқты жаңадан бой көтерген заманауи үлгідегі нысанда сауда жасай алады. Сауда орталығында көкөніс өнімдері, тұрмысқа қажетті заттар, ет өнімдері, техникалық аксессуарлар тағы да басқа тұрмысқа қажетті бұйымдар халыққа тиімді бағада ұсынылады.

«Далида» сауда үйі алдағы уақытта аудан экономикасының әлеуетін арттырып, сауда бәсекелестігін дамытуға және баға тұрақтылығын сақтауға септігін тигізетін болады.

- Аудан орталығына үлес қосқанымыз үшін қуаныштымын. Ғимаратымыз заманауи үлгіде салынды. Халықтан бата алып жатырмыз. Ел игілігіне жұмыс жасауға ниеттіміз. Бізде 11 шағын дүкен бар. Сауда сөрелерінде ет өнімдері, көкөністер бар. Сауда үйінің ашылғанына халық та қуанышты, біз де қуаныштымыз,- деді кәсіпкер.

Жалағаш ауданының құрылыс саласында қарымды істер көп. Қазірде “Бибігүл ана” дүкені түгел ауданды құрылыс заттарымен қамтамасыз етуде. Үй қабырғасына жапсыратын түрлі түс қағаздар, оған қажетті желімдер, ұнтақтарды бір дүкеннен-ақ табуға болады. Бүгінде аядай ғана жерді ауқымды құрылыс дүкеніне айналдырып, татымды тірлік атқарып жатқан кәсіп иесі өнімдерін Қызылорда қаласына да жөнелтіп жатыр. Алдағы уақытта Шымкент, Ақтөбе қалаларын қамту жоспаларында бар.

- Дүкенді қажетті заттармен қамтамасыз ететін зауыт құрылысы былтыр көктемде басталды. Қазірде кәсіпорыннан кафель желімдері, үйдің төбесі мен еденге пайдаланатын 6 түрлі өнім шығады. Құрылыс заттарын дайындауға 6 жұмысшы жұмылдырылған. Мемлекет тарапынан көмек ұсынылып жатыр. Осы зауытты салуға көп көмегі тиді. Қолдау бар. Өндіріс орындарын көптеп салу кәсіпкерге ғана емес аудан тұрғындары үшін де тиімді. Бағасы нарықтан арзанға түседі, сонымен бірге жұмыссыздықты азайтар еді. Ерінбей кәсіптің көзін зерттесең мемлекеттен қаржылық көмек ұсынып жатыр,- деді кәсіпкер.

Жалағашта 11 сынып оқушысы Назым Ережеп кәсіп ашты. Оқушы кәсіпкердің қолынан шыққан өнімдерге аудан көлемінде сұраныс көп. Назым қой, сиыр, жылқы еттерінен шұжық, әсіп дайындап, тауық етін ыстап, өзгеше тағам түрлерін әзірлейді.

- Бұл кәсіпке шынайы қызығушылықпен келдім. Себебі біздің дүкендердегі өнімдердің кейбірінің құрамында көптеген химикаттар бар. Соларды байқап, табиғи өнім жасап көргім

келді. Барлығы қолдан дайындалған, таза өнімдер. Бұл шұжықтар дүкеннен сатып алынған фарштан емес, арнайы сойылған сиыр, жылқы, қой етінен жасалады. Таза, табиғи өнімді тұтыныңыздар деп кеңес беремін,- деді Назым Ережеп.

Негізінде бұл бастаманы Назымның әкесі Алмат Ережепұлы мемлекеттік қайтарымсыз грант алып бастаған. Кейін оны Назым жалғастырып, жалағаштықтар сұранысына сай өнімдер әзірлеуде.

- Кәсіпке келудегі себеп - қызымның аспаздық қабілетін дамыту. Өзі кішкентайынан өзгеше тамақ істеп, осы салаға жақын болды. Бастапқыда торт жасап, сата бастады. Кейін ет өнімдерінен тамақ әзірлеуге қызығушылығы пайда болды. Бұл кәсіпті бастағанымызға көп болған жоқ. Сұраныс та аз емес,- деді Алмат Ережепұлы.

Күн санап кәсіпке ден қойғандардың қатары артуда. Олардың бірі мемлекет берген мүмкіндікті тиімді пайдаланып, тың идеясымен жаңа кәсіп бастаса, енді бірі дөңгелетіп отырған кәсібін не тапсырысқа қарай 9-10 торт жасаймын. Алдағы уақытта осы кәсіптің көкжиегін кеңейткім келеді,- деді Нұргүл Алтыбаева.

Кіріс тек кәсіпкерлерге емес, жұмыс іздеп жүргендерге де бұйыратыны анық. Әрі аудан халқы да игілігін көруде. Иә, Жалағаш кәсіпкерлерді жатсынбайды. Атқарылып жатқан ауқымды іс-шаралар да соның айғағы.

- Жалағаш ауданы бойынша өткен жылы 206 жоба 4,8 млрд. теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 22 жоба қаржыландырылды. Ал биыл 47 жобаға қаражат бөлу қарастырылды. Атаулы бағдарлама басталатын кезде дайындық жұмыстарын жүргізіп, 30 шақты кәсіпкер өтінішін қабылдап жатырмыз. Одан бөлек аудан боынша жобалар пулы жасақталды. Яғни, ауылға тың, жаңа жобалар әкелу мақсатында үздік бизнес идеялар байқауын жариялап отырмыз,- деді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бөлім басшысы Жасұлан Дүйсекеев.

одан әрі ұлғайтып, көкжиегін кеңейтуде. Солардың бірі - Нұргүл Алтыбаева.

Ол мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, кондитерлік өнім шығаруды қолға алған.

- Мен маусым айында қайтарымсыз грантқа өтінім білдіріп, жеңіп алдым. Пештер мен миксерлер және басқа қажет құралдарды алдым. Түрлі пішіндегі, өзгеше дизайндағы торттарды шығарудамын. 2010 жылдан бері торт дайындауға қызығып жүретінмін. Сол қызығушылығым кәсіпке айналды. Күні-

P.S. Елде трлік болса, шаруа да күйлі. Халықтың жай-күйін реттеп, тұрмыс деңгейін тұрақтандыру – биліктің басты міндеттерінің бірі. Жалағаш ауданынан баспасөз турынан баян еткеніміздей, мұнда кәсіпкерліктің дамуы қарқын алып отыр. Егер игі істер ізін жалғастырса, халық игілігін көрері анық. Сонда өнім іздеп өлермен күй кешіп, сыртқа жалтақтамайтынымыз сөзсіз.

Мұхаммедшах МАРАТҰЛЫ

Кітапхана

Бәрі қан Үрімжінің айналасы,
Ескі там, ұңғыл-шыңғыл, сай-саласы.
Ішегін өлген жанның иттер сүйреп,
Домалап, қарға шоқып жатыр басы.
Барсаңдар Үрімжінің қаласына,
Көзің сал қалтарыс сай-саласына.
«Ұмытпа өле-өлгеніше осыны» деп,
Тапсырып кет балаңның баласына.

Таңжарық

КӨКЖАЛ

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

I

Қанша шамшыл, қанша қиямпұрыс, қанша қол апартпас, бет қаратпас асау болғанымен, қапыда торға түскен көк еркесі қыран да кісі қолына қараған кіріптарлық халіне бірте-бірте көндігер еді. Сол түз қыраны тектес, өмір бойы бостандық үшін алысқан дала серісі Оспан да өзінің басқа түскен тұтқындық тағдырына амалсыз бойсұнды. Соғыс өнерінен мол хабары бар, атыс-шабысқа жастайынан машыққан батыр жеңіс бар жерде жеңілістің де болатынын, адам басындағы бақ та, сор да алмакезек ауысып тұратын дүние екенін бұрыннан білетін-ді. Қолға түскеннен кейінгі алғашқы долы ашу, өзекті өртеген өкініш, дәрменсіздіктен туған ыза-нала да біртіндеп тарай бастады. Сабыр-тағат тауып, сабасына түсуіне батырдың Хаққа сенген діндар тақуалығы да септігін тигізген секілді. Осының бәрі жазмыш, Алланың бұйрығы деп қараған. «Бұл да — Жаратушысының өз құлына жіберген сынағы шығар. Егер сен нағыз мұсылман болсаң, қас жауыңның мейманасы тасыған астамдығына, көрсеткен қорлық-зорлығына шыдауың керек» деген өзіне-өзі.

Соңғы жылдары бастан жыға қисайып, бақ қайтып, тағдырдың тайғақ тартқаны біртіндеп біліне бастаған. Оспанның күші — Алтайда екен. Бұларға Алтайдың әр бұтасы пана, әр жартасы қалқан еді-ау, шіркін! Көрмеген жердің ой-шұқыры көп, Алтайдан түстікке қалай ауды, солай, сарбаздар жер жадысынан жаңыла берді. Жаңа ортаны адам да, мал да жерсінбеген. Бұрын Бәйтік-Қаптық тауларына бекінгенде, моңғолы, орысы, үш аймағы бар, үш жақтап жабылғанда бой бермей-ақ кетіп еді. Кейін Жемсары, Баркөл, Құмылды басып, Гансу жеріне ауғанда, енді қызыл қытаймен бетпе-бет келді. Баяғы кең қолтық, бөксесі бос, ат үстінде қопаңдап әрең жүретін қара қытайдай емес, қызыл қытайың тіпті өлермен екен. Арғы ішкі жақтан тұяқтарын тас қақпай кілең жеңіспен келе жатса керек, екпіндері тым қатты. Бір шетінен атып, қырып жатсаң да, алған беттерінен қайтпайды... Амал не, көптің аты — көп, соңғы Дуңхуаң маңындағы соғыста сарбаздардың көбі оққа ұшып, батырдың төңірегі селдіріп-ақ қалып еді.

Ал, Бақайдағы ақырғы айқаста сарбаздар үш тәулік бойы пәр татпады ғой. Құрсауда қалған жерінен жарым-жартысы қоршауды әрең жарып шыққан. Бір түсінбейтіні, қан майданнан шыға салып, қасындағы серіктерінен бөлініп, Оспан өз ауылына неге келді сонда? Сусын ішіп, жүрек жалғайын деді ме, әлде нақсүйер әйелі Баянмен қоштасайын деп келді ме?! Әйтеуір, «шығасыға иесі басшы» деп, қырсыққа бастаған жүріс болды сол сапары. Алтайда жолы болып, қол бастап жүргенде маңайын баса алмаған сайқал ажал жат жерде батырдың иығына шығып, жездесіндей қылжақтап, ойнай бастамады ма... Сөйтсе, қыр соңына түскен қуғыншы әскер де тақау екен, алдындағы бір кесе шайды ішер-ішпестен ауылды жау басып қалды. Әйелі Баян да үйден жүгіре шығып, белдеуде тұрған ақбозды көлденең тарта берген.

Бірақ, қырсыққанда істің оңға баспайтыны белгілі ғой, әншейінде құстай ұшатын ақбоз көктемгі жылымықта тоңы енді жіби бастаған саздауыт жерде толарсақтап, борбаңдап шаба алсашы. Ақырында ақбоз оққа ұшты. Осының алдында ғана сақылдап тұрған маузері жез шайнап атылмай қалды... Арғы жағы белгілі ғой, қалың шерік сол арада шегірткедей жабылып жүріп, батырды лезде байлап алды.

Оспанды ұстауға тұтас бір полк келген екен. Сондағы қытай шеріктерінің қуанғанын айтпа! Қауқылдасып шулаған айғай-сүреңі көпке дейін басылмай тұрды. Әлдебір кіші командир мен солдатты көп адам аспанға лақтырып, қақпақылдап жүр. Сөйтсе, кіші командир — ақбозды атып түсірген мерген екен де, солдат — Оспанды ту сыртынан келіп бассалған «батыр» екен. Бұл екеуін алда үлкен марапат күтіп тұрғаны айдан-анық. Әсілі, Оспанды қолға түсіру — Қытай армиясының талайдан бергі зор жеңісі болса керек.

Олар қолға түскен бандыны Гансу өлкесінің шеткі қалаларының бірі Дуңхуаң абақтысында екі күн ұстады да, қатаң күзетпен Үрімжіге қарай алып жүрді. Оспанды үсті ашық жүк машинасына отырғызып, автомат асынған он шақты шерік оны қоршай орналасты. Сақал-шашы қауғадай боп өсіп кеткен, басында төбесі шошақ керей тымағы, үстінде қалың күпісі бар Оспан кілең шолақ етек шеріктердің ортасында төбедей болып, көзге ерекше шалынады. Бұлардың алды-артында келе жатқан екі жүк машинасында да лық толы әскер бар. Соған қарағанда, жол-жөнекей бандылар шабуылдап, Оспанды құтқарып әкете ме деп қауіптенетін секілді.

Обалы кәнеки, алғашқы жан алып-жан беріскен айқастан кейін тұтқынға соқтыққан, жәбірлеген ешкім болған жоқ. Күтімі жақсы, тамағы тоқ. Сірә, соған қарағанда, жоғарыдан «Оспанның бір тал шашын түсірмей әкелу» жөнінде бұйрық болған тәрізді. Жолдағы бір бекеттен шеріктер бірнеше газет сатып әкеліп, жабырлап оқып жатқан. Осындағы топтың бастығы «мынаны көрдің бе» дегендей бір газетті тұтқынның көзіне тосты. Мәссаған, газеттердің бірінші бетіне Оспанның суреті басылыпты. Бадырайған иероглифтермен бандының қолға түскені жайында хабар беріліпті. Демек, күллі Қытай елі бір-бірінен шүйінші сұрап, дүрлігіп жатыр деген сөз. Бежінге, Мәскеуге, Ұланбаторға қуанышты жеделхаттар кеткен шығар. Бір есептен, Оспанда тіпті арман жоқ. Оның қолға түсуін қанша ел, қаншама мемлекет төрт көзбен күтіп отырған десейші?!

Тұтқынды қорғап-қоршаған машиналар тізбегі әлдебір сақтықпен түнде бекеттерде аялдап, тек күндіз жүріп отырды. Олар жол-жөнекей Құмылды, Баркөлді басып, Тянь-Шаньның түстік жағымен Үрімжіге қарай тура тартып келеді. Оспан бұл өңірде жортып көрмеген. Жер құйқасы жұқа, сортаңды, шөлейтті болып келеді екен. Қазір наурыз айының орта шені, күн жылынып, жер көктей бастапты. Егіс алқаптарында диқандар жер жыртып жүр. Сонау бұлдырап көрінген - Боғда тауы болар. Теріскей жағынан қарағанда, тым тігіл боп көрінетін Боғда сілемдерінің күнгей жағы бірден жатаған тартып, аласа адырлы боп кете ме, қалай? Міне, әйгілі Тұрпан ойпаты, Ерен-қабырғаның Боғдамен түйісетін тұсындағы Дауаншың асуы. Алтайға барып сауда істеп жүретін бір ұйғыр жігіті ойын-тойда «Дауаншыңда бір жарым бар Қамбархан атты» деп өлеңдетіп қоя беруші еді. Сол «Дауаншыңы» осы екен-ау!

Бұл күнде моторлы көлікке жер алыс па. Баяғыда атпен, түйемен айлап жүретін жерге бұлар екі-үш күнде жетіп келді. Бүгін 1951-жылдың 15-наурызы. Қарауында айырықша қорғаудағы «қастерлі» жолаушысы бар машиналар тізбегі Үрімжінің түстік жағынан қалаға қарай еніп келе жатты. Ал, Үрімжі бұл жолаушыларды бейне келін түсіретін ауылдай күні бұрын тағатсыз күтіп отырса керек. Машиналар тізбегі Ұланбайдан өте бере бұларға тағы бір салтанатты топ қосылды. Машина толы музыканттар, күмпілдеген оркестр... Оспанның таңғалғаны: әлгілер бірден жеңіс маршын ойнай жөнеді. Кәдімгідей мереке алдында ойналатын жеңіс маршы. Бұл ненің құрметі? Ненің қуанышы? Әлде тұтқынды мазақ еткен түрлері ме? Жоқ, ешқандай да мазақ емес, Бұл — Қытай армиясының әлдебір жорықтан зор жеңіспен оралған кезде ойналатын салтанат жыры, мадақ маршы болатын. Демек, бұл — Оспанға көрсетілген құрмет емес, бандыны қолға түсірген жеңімпаз армияны қарсы алу сәті. Енді қалай? Он жыл бойы бүкіл Шыңжаңды қан қақсатып, орысты, қытайды, моңғолды ит әуреге салған қандыбалақ бандыны тұтқындап әкеле жатса! Ондай ерлерге дәл бүтін қандай құрмет көрсетсе де артық емес.

Көше толы халық. Оспан таныс-білістен біреулер көріне ме деп жан-жағына қарап еді, ондай ешкім көзіне түспеді. «Дөңгеленген дүние-ай! — деді батыр іштей күңіреніп. — Бір күн бетіңді, бір күн сыртыңды беріп, кінәмшіл қатынша осылай қырық құбылатының бар-ау!» Олай дейтіні, осыдан төрт жыл бұрын, 1947-жылдың жазында өлкелік Қытай үкіметінің шақыруымен осы Үрімжіге қонаққа келгені есіне түсіп еді. Онда Оспаннан қадірлі адам жоқ. Гоминдан өкіметімен коммунизмге қарсы Одақ құрып жатқан кезі. Бұлар батыр-билері, ер-әйелі аралас қырықтай адам болатын. Қыр қазақтары «там үйде тынысымыз тарылып кетеді» деген соң, Үрімжінің іргесіндегі Шу Могу аңғарына аппақ жұмыртқадай көп киіз үйлер тігіп, қонақтарды сонда түсіріп еді-ау! Қарсы алу кезінде дәл бүгінгідей мереке маршы ойналған. Айырмасы, қазіргідей қызыл қытайдың желпінген жеңіс маршы емес, Гомин қытайдың салиқалы салтанат әуені. Өлке қарулы күштерінің бас қолбасшысы Суң Шилиян бастаған қытай генералдары сапта тұрып қарсы алған. Көрсетіліп жатқан сый-сияпатта есеп жоқ. Ағыл-тегіл дастарқан... Келесі күні қаладағы үкімет сарайында өлкелік өкімет бастығы Жаң Жы Жұң арнайы қонақасы берген. Көпірме сөз, Оспан атына айтылған мақтау-мадақ... Оның ертеңінде Үрімжі аймағының губернаторы Хадуаң ханым, Әлен Уаң, Үкімет мүшелері Сәліс, Зәкәрия бастатқан осы қалада тұратын қазақтар күтіп алып еді. Оның ертеңінде Мәметимин Айса бастатқан ұйғырлардың сый-сияпаты... Осындағы әр ұлт өкілдері кезекке тұрып, Оспанға сый көрсеткенше асығып еді-ау!.. Үрімжідегі Америка консулы Пакстонмен, вице консул Макернанмен де сол сапарда танысып, пікірлескен-ді. Оспанның өтініші бойынша, Америка консулымен генерал Суң Шилияннның өзі жолықтырған... Міне, содан бері төрт-ақ жыл өтті ғой. Қайда соның бәрі. Бақайшағына дейін қаруланған Гоминдан армиясы қайда? Қызыл тілдің майын тамызып, өлке қамын, ұлт қамын ойлаған шешендер қайда? Коммунистер келіп еді, бәрі соған жол босатып, сабынның көбігіндей ыдырады да кетті...

Оркестр ойнаған марштар, бір жағы, бүгінгі жеңісті тойлау болса, екінші жағынан, халықты жинау, құлақтандыру міндетін қоса атқарып келе жатқан секілді. Мына қызыл қытайың үгіт-насихат жағына мәттақым көрінеді. Үгіт айтуға орайлы сәтті құр жібермейді-ақ. Машиналар тізбегі үлкен көшеге ілінісімен әр жерге тоқтап, «міне, көрдіңдер ме» дегендей, атақты бандыны қолға түсіргенін үзбей айтып, жариялап келеді. Қай кезде дайындап үлгіргенін кім білсін, көшеде халық дегенің сыймайды. Кейбір топтар қызыл матаға жазылған плакат-ұрандар көтеріп алған. Қала халқы шұбар аттың жүніндей ала-құла. Ала тақиялы ұйғырлар, қара шапанды, ақ кепешті дұңгендер, ара-арасында жұлма тымақты қазақтар да ұшырасады. Жәй тамашаға жиналса ештеңе емес, жұдырығы түйілген оң қолдарын жоғары көтеріп, өңештері жыртылғанша ұран шақыратынын қайтерсің. «Оспан бандысын арамыздан аластайық!», «Америка шпионы Оспанға өлім жазасы берілсін!», «Жеңімпаз халық азаттық армиясы жасасын» деген айғай-ұран дүниені жаңғырықтырады... Міне, сен азат етем деп жүрген көп ұлтты Шыңжаң халқы! Міне, ислам туын көтерсем-ақ соңымнан ереді деп сенген Шығыс Түркістан мұсылмандары!..

Осындай айғай-шулы дүрмекпен, Оспан батырды Үрімжідегі атақты екінші түрменің ауласына да енгізді-ау. Төрт тарабында төрт қақпасы бар, бұрыш-бұрыштағы атыс ұяларына мықты күзет қойылған биік қорғанды қалалық жамбыл. Екінші түрме сол жамбылдың ішінде екен. Оспан бұрын мұнда келмесе де естуі бар. Бір кезде Шәріпхан төре, Бұхат бейсі, Ақыт қажылар жатқан түрме ғой бұл. Атақты Таңжарық ақын осында жатып, өзінің өлмес жырларын шығарған... «Абақтыдағы арыстарымызды қамаудан босатсын» деген талаптан тумады ма 1940-жылғы Алтай қазақтарының алғашқы көтерілісі... Рас, ол кезде Оспан әлі көтеріліс басшысы ретінде танылмаған. Басында бұл жәй қатардағы мергендердің бірі болатын. Көтерілісті бастаған — Есімхан мен Ырысхан Үкірдайлар, Ноғайбай мен Ақтеке билер... Аттаныс аяқ астынан халықтан қару жинауға шығып, ел басына әңгіртаяқ ойнатқан Көктоғай ауданының әкімі Шүй Шыңды қасындағы бір взвод әскерімен бірге Есімханның бір түнде қырып салғанынан басталмады ма. Бұл жалғыз Есімхан емес, көп жылдан бері көкіректе запыран болып жиналған халықтың ашу-ызасы болатын. Қалың ел көтерілісті бірден қолдап кетті. Қаптаған жау әскерін сойыл-шоқпармен-ақ жапырып өтті-ау! Ақтеке, Ноғайбайлар сол алғашқы шайқаста-ақ оққа ұшты. Шіркін, Есімхандар да көзсіз ер еді-ау! Амал не, Шың Сы сәй үкіметінің бұлаң құйрық алдауына сеніп, қапыда қолға түсті де, Ырысхан екеуі де осы Үрімжі түрмесінде өлтірілді.

Оспан сондағы жалған бітімге сенбей, қолындағы қаруын тапсырмай, соңына ерген қырық-елу жолдасымен қоршауды бұзып шығып, Құбының құмына сіңіп кеткен болатын. Кейін алданған жұрт Оспанның төңірегіне қайта келіп топтасты. Бұл, сөйтіп, ойламаған жерден көтерілісші халықтың басшысына айналды... Басында өр Алтайдың өзінде, кейін Бәйтік, Қаптық тауларында, ол жерлер де қоныс болмаған соң, Баркөл, Құмыл аймақтарында езінен күші басым жаумен жиыны он жыл соғысты. Орыс, қытай, монғол, үш аймақ қазақтары болып, төрт жақтан жабылды ғой. Келер ұрпақ кешірсін,

Оспан қанша батыр болғанмен,

өзінен он есе, жүз есе күшті жауға төтеп бере алмай, міне, ақыры жеңілді. Батыр бол, бағлан бол, оқымысты ғұлама бол, түбі, қазақтың баратын жері түрме екен ғой. Міне, өмір бойы азаттық үшін алысқан түз қыраны Оспан да торға түсті.

II

Бұрын Оспан бұлардың қолына түспей жүреді екен. Енді оны қоярға жер тапсашы. Бұл — қытайлар үшін жәй банды, қарақшы ғана емес, кәдімгідей үгіт құралына айнала бастады. Күн сайын маза береді деген не, қарулы күзетпен үсті ашық жүк машинасына тік тұрғызып қояды да, күні бойы көше аралатады. Әскери бөлімдерге, жоғары мектептерге, кейде халық көп жиналған алаңдарға апарады. Бір-біріне айна қатесіз ұқсас жиындар, шағым айтулар, көшелерде көлденең керіп тастаған плакат-ұрандар. Құлақ тұндырған айғай-шу... Басында Оспан өзінің қажетсіз, мазақ көрмеге айналғанына ызасы келіп, көндіге алмай жүр еді, бірер күннен соң оған да еті өліп, үйреніп алды. Мұндайда жалған жалаға, өтірік шағымға жауап беріп, айтысып жатудың қажеті жоқ екен. Сөз қайтарып, уәж айтар болсаң, жабайы тобыр тіпті құтырып кетеді екен. Ең жақсысы, құлақ қойған кісі сияқтанып, үнсіз мүлгіп тұра беру...

Алдын ала әзірлеген болар, аланда бір егделеу ұйғыр әйелі мінбеге шығып сөйлеп тұр. Жалғыз ұлы үш аймақ әскерінің сапында Оспан бандысымен күресу үшін Алтайға барған екен, сондағы бір ұрыста оққа ұшыпты. Соны әлгі байғұс Оспаннан көреді... Содан кейін балдаққа сүйенген қазақ шықты ортаға. Соғыста ортан жілігін оқ үзіп кеткен екен. Дәрігерлер гипске салғанда сүйегі теріс бітіпті. Ол да аяғының кемдігін Оспаннан көреді... Ал, әскери бөлімшеге барғанда, бір подполковник ұйғыр азаматы Бурылтоғайдағы соғыста қол астындағы полктің қақ жарымы қырылып қалғанын айтып шағымданды. Оған да Оспан кінәлы... Не дейсің, уәжге жүгініп, дауласатын жер емес. Бірдеме десең, арты — айғай-шу. Әйтпесе, айтар сөзі тіл ұшында сайрап-ақ тұр. Мәселен, жаңағы әйелдің баласын өзі туып көрмеген Алтай жеріне кім айдап апарып ұрысқа салды? Баласының құнын Оспаннан емес, солардан сұрауы керек емес пе. Ал, балдақты жігіт аяғын жоқтамай-ақ, ондай қырғыннан тірі қалғанына шүкірлік етуі керек қой. Мына подполковниктің шағымы тіпті сорақы. Өзі басқарған полктың қырғын табуын өзінің олақтығынан көрмей, неге Оспаннан көреді ол? Соғыс өнерінің әліппесі танауына бармайды екен, сонша адамның обалына қалып, әскер бастап несі бар. Сол қылмысы үшін подполковникті кезінде атып тастау керек еді, қалай тірі жүргені белгісіз!

Осылай көше аралатып, арыз-шағым айтқызу бір аптаға созылды. Соның өзі-ақ жүйкеге тиіп болған. Кейде батырдың күлкісі келеді. Баяғыда ұзатылатын қызды тойы болар қарсаңда ел аралатып, «қыз таныстыру» дейтін рәсімнен өткізуші еді. Қыздың мұнысы — ел-жұртпен қоштасу, әрі тойға шақыру... Қылмыскерді көше аралатуы да соған ұқсас бірдеңе. Соған қарағанда, Оспанның «тойы» да таяп қалған сияқты ма, қалай? Заң орындары да көшедегі жиындарда жаңа бір пәктілер ашылар деп күтпейтін секілді. Шағым айтқызудағы мақсат — бұқара халықты Оспанға өшіктіру. Сөйтіп, өздері күні бұрын әзірлеп қойған сот үкіміне жұртшылықты дайындау.

Көше аралатып, халыққа арыз-шағым айтқызу науқаны аяқталысымен, енді тергеп-тексеру, сұраққа алу кезеңі басталды. Қанша дегенмен, бес мың жылдық тарихы бар ел емес пе, сот ісін жүргізуі майдан қылшық тартқандай, тәртіппен-ақ өтіп жатыр. Оспанға алғашқы күні-ақ сот құрамын таныстырған. Бұл жолғы тергеу ісіне төрт бірдей сот қатысады екен. Жоғарғы әскери трибунал, жоғарғы сот, аймақтық орта сот, қалалық сот. Жиыны жетпістей адам. Оспанның бір аңғарғаны, әскери трибуналдан басқа жерде ішкеріден келген қытай адамдары көп араласпай қалтарыста қалуға тырысыпты. Негізгі құрам — Шыңжаңның жергілікті өз халқының өкілдері: ұйғырлар, қазақтар, дұңгендер, қырғыздар, моңғолдар... Тіпті, Оспан бұрын беті-жүзін көрмеген сібе-солаң дейтін ұлттың да өкілдері жүр. Мақсат белгілі: кейін халықаралық деңгейде сөз бола қалса, «Оспанды соттаған біз емес, Шыңжаңның өз халқы соттады» демек қой... Тек, бір таң қалатының: осылардың бәрі — кілең айыптаушы, араларында бірде-бір ақтаушы адвокат жоқ екен. Бұл елдің сот жүйесіне ақтаушы дейтін ұғым енбеген көрінеді.

Тергеушілер Оспанды әр алуан қырға салып көрді. Топтасып тергеу, кезектесіп ұтылап тергеу, оңаша жекелеп тергеу, қалжыратып, шаршатып, болдыртып тергеу... Алайда, Оспан соларға қалай жауап берем деп қиналған жоқ. Ақталуға тырысып, тер төгіп те жатпады. Өзін барынша байсалды ұстап, сұрақтарына қысқа, әрі нақты жауап беріп отырды. Тергеушіні қисыннан жеңіп, орынсыз сұрақтарды кері қағып тастаған кездері де аз болған жоқ.

Оспан қамалған түрме ғимаратында тергеушілер бөлмесі бар. Үстел, орындықтар қойылған, тергеушілер, хатшылар, тілмаштар отыратын кең, жарық бөлме. Сұрақ-жауаптар көбіне осында өтеді. Баяғы Шың Сы сәй заманында тұтқындарды неше түрлі әдіспен соққыға жығып, қинайды деуші еді. Мына қызыл қытайлар ондайға тыйым салса керек. Оның есесіне, сөзбен тұқыртуға, жертезек етіп қорлауға, рухыңды таптап жасытуға шебер-ақ.

Тергеу Оспанның талап етуі бойынша тілмаш арқылы жүріп жатқан. Бір күні, Жоғарғы әскери трибуналдан болса керек, бір дұңген келіп жауап алды. Оның дұңген екені «Ма»-дан басталатын аты-жөнінен ғана емес, құлу бастау келген қушық шекесінен, шошақ төбесінен байқалып тұр. Дұңгеннің тілі қытайша, діні — ислам, мұсылманға жатады. Баяғы Құтайба бастаған араб әскері шығысқа жорық жасағанда, арты ішкі Қытайға өтуге мұршалары болмай, бергі Гансу мен Шыңхай өлкелерінен қайтқан ғой. Дұңгендер - сол жылдары мұсылман болып үлгірген қытайлар мен таңғұттар... Мына дұңгенді дін жағынан жақынсың деп, Оспанға әдейі жіберіп отыр ма, кім білсін?!

— Сіз, Оспан мырза, Шыңжанда қанша қазақ бар екенін білесіз бе? — деді ол бір сөздің кезегінде.

— Жарты миллиондай десіп жүр ғой білетіндер...

— Ал, Ханзу ше? Біздің Жуңхуа мемлекетінде қанша ханзу бар деп ойлайсыз?

— Ит біліп пе! Әйтеуір, хисапсыз көп дейді ғой өздерін...

— Білмесеңіз, мен айтайын, бес жүз миллион! — деді тергеуші өзінің білімдарлығын көрсетіп. — Демек, қазақтан мың есе көп деген сөз. Бір қазаққа — мың ханзу тура келеді. Осыны біле тұра, сіз сондай ұлы халықты жеңемін деп ойладыңыз ба?

Мына сөзді естігенде, Оспан сапсиып өсіп кеткен сақал-мұртын тулатып, кеңкілдей күлді. Сонан соң:

— Кешіріңіз, тергеуші мырза, ұлттардың жайы сөз болып қалды ғой. Сіз түр-әлпетіңізге қарағанда дұңген боларсыз? — деді бірден байсалды қалыпқа көшіп.

— Иә, мен Шыңжандағы он үш милләттің бірі — дұңген ұлтының өкілімін.

— Ендеше, аз ұлттар ішінде қытай үстемдігіне қарсы ең көп бас көтерген ұлт қайсы, соны білесіз бе?

Әлденеден секем алған тергеуші қипақтап қалды.

— Мақтануыңызға болады, қытай билігіне қарсы ең көп көтерілген ұлт — дұңгендер! — деді Оспан тергеушіге қадала қарап. — Санының аздығына қарамастан, дұңген ағайындар қытайға қарсы уақ-уақ ғадауат жариялап отырған. — Оспан соны айтып, соңғы бірнеше ғасырдағы дұңген көтерілістерін санап шықты. - Өткен 19-ғасырда Үрімжі маңында уақытша құрылған дұнген мемлекеті өз алдына, ең соңғысы — 1933-жылғы Ма Жиың мен Ма Буфаң көтерілісі әлі есімізде. Амал не, сол тұста Шың Сы сәйге болысқан орыс әскері дұңгендерді ту сыртынан қапыда соғып, қытайға жығып берді ғой... Демек, азаттық жолында алысу үшін, шешуші нәрсе ұлттың саны емес, тергеуші мырза. Кейде өш алу үшін жеке бір адам да күреске аттанады. Адамды күреске бастайтын — кек пен намыс. Адамдар кейде құлдықта өмір сүргенше, азаттық жолында алысып өлгенді артық көреді...

(Жалғасы бар)

Мен сүйсем, сүйемін, Түндерді жарық қып...

Мөлдір АЙТБАЙ
Қазақстан жазушылар одағы және Халықаралық айтыскерлер одағының мүшесі

ЖАУАП

Әні: **Нұртуған Жаңабай**
Орындаушы: **Әйгерім Мамырова**

«Сағындым» деп, мұңайып хат жазыпсың,
Бар қатеңді мойындап ақталыпсың.
Ұмытушы ең мейрамда гүл беруді,
Алтын жүзік, жүз раушан, тәтті алыпсың.

Суретімді ұнатып күліп тұрған,
Қайғы барын өзіңсің ұмыттырған.
Мен қазір де дәл солай бақыттымын,
Қоштасарда көзімді жұмып тұрғам.

Мен басқаның көңіліне көшіп алдым...
Сонша сыйды, қалқам-ау, несіне алдың?
Бұрынғыдай болмайды енді ештеңе,
Торығанмен сағаттап есік алдын.

Мен сөзімде тұра алдым саған берген.
Кетіп едім, «сенсіз бақ табам» деумен.
Жер бетінде соңғы еркек емессің ғой,
Соғыс жақтан қан кешіп аман келген!

Алдыңдағы арымды ақ қып өтем,
Ұстамаған өзіңсің бақты бекем.
Не деп жауап жазайын енді саған?
- Халің қалай?
Бармағың тәтті ме екен?!

ІЗДЕМЕЙ ҚОЙҒАНЫҢ НЕ?

Әні **Әділет Әкімхан**
Орындаушы: **Әйгерім Мамырова**

Көктем үшін керетін қанатыңды
Күзге де жайғаның не?
Мені аңсап шарлаушы ең ғой қара түнді
Іздемей қойғаның не?

Гүлді сүйсең берер ем!
Күнді сүйсең
Сағымдай арманым де
Сағат тілін саусақпен жылжытушы ең
Сағынбай қалғаның не?

Тастай салып жалғанның жиегіне
Ұмытып кеткенің не?
Салқын өтіп барады сүйегіме
Жылытып кетпедің бе?

Санам аңсап сертінен жаңылған жоқ
Ғажайып ол шақтарды!
Келме дедің
Жүрегім ауырған жоқ
Тек кеудем босап қалды!

02:01. 03.10.2023.

ЖІБЕР МЕНІ

Түсініп бағым өзге екендігін,
Сезіліп жүр жаныма бөтендігің.
Сондықтан өкпелеме, ренжіме,
Мен сенен, кетем бүгін!

Кетем бүгін, қайтадан оралмаймын,
Безінбеймін, қашпаймын, жоғалмаймын.
Сүйетініңді білем, бірақ жаным,
Сенікі бола алмаймын.

«Біз» дегенге бір нүкте қоярдаймыз,
Сағынып енді құшақ жая алмаймыз.
Ортақ көрпе жамылып ұйықтамаймыз,
Тартысып оянбаймыз.

Бірге өткен шақ білемін тәтті екенін,
Мен шығар бәлкім сенің бақ мекенің.
Мен кетем, міне кілтің,
Тарақ, көйлек,
Иісімді де үйіннен ап кетемін.

Ұмыт бәрін, ағын да, қарасын да,
Түн ішінде мені іздеп аласұрма.
Гүлді көрсең үзбегей маған арнап,
Жайқалсын даласында.

Шалма маған қоңырау, хат та жазба,
Жан дертіңді ақтарма ақ қағазға.
Іздеп келме үйге де, жұмысқа да,
Қарғама, ашуланба, ұрыспа да.

Тағдыр шығар аз күнге теңестірген,
Кездесу мен қоштасу тең естілген.
Менсіз де өмір жалғасар, босат мені,
Тыныс алу құралы емеспін мен.

Бірі едің ғой мықтының, төзімдінің,
Кеудеңді өртеп бара ма, сезім бүгін.
Терең демал, мені мүлде жоқ деп ойла,
Менсіз ауа жұтып көр, көзіңді жұм.

Ұнамайды жігіттің түнергені,
Көз жасқа ерік беріп жібергені.
Егер сүйсең, бақытты болсын десең,
Жәй ғана жібер мені.

22:21. 18.01.2022.

БОЛА МА?

Өз еркіңіз кетсеңіз де көзге ілмей,
Мейлі тіпті суретіме қарама!
Көңілдерге секем салмай, сездірмей
Сізді кейде сағынуға бола ма?

Ешкім бөгет қоя алмайды арманға,
Ол қалқиды қиял менен санада.
Жер бетінен жылу таппай қалғанда
Сізді ойлай беруіме бола ма.

Көздеріңіз тұңғиыққа тартады.
Теңіздей боп толқыны ұрған жағаға.
Аспанымның таңда жанған шолпаны
Сізді көргім келуіне бола ма?

Жүзіңізді мейірім мен нұр шашар
Тағы көрсем, сіз келгенде қалаға…
Жалғызсырап жан іздесем сырласар
Сізді шәйға шақыруға бола ма?

Хәлім осы, алғаш көрген кезімнен
Қос жүректен көпір салып араға
Өзіме аян өртенердей сезіммен
Сізді жақсы көруіме бола ма?

04:49. 06.04.2024

МЕНЕН САҒАН НЕ КЕРЕК?

Менен саған не керек
Тәтті сөз бе? Жылытатын жаныңды!
Құшақ па әлде? Ысытатын тәніңді.
Сен күн сайын бірдеңелер сұрайсың,
Сұрамастан хәлімді!

Алтын балық емеспін мен аяулым
Адаммын ғой кәдімгі!

Менен саған не керек?
Махаббат па? айналдырар басыңды.
Мейірім бе? құрғататын жасыңды.
Көп ақша ма? сатып алар ойланбай,
Әшекей мен асылды!

Сен шын сүйсең мен сұратпай сыйлар ем
Ай мен күнді, ғасырды!
Менен саған не керек?
Мүмкіндік пе? Бар қатеңді кешірер.
Абырой ма? Бар мәселең шешілер.
Не керегін жұмбақтамай ашық айт
Айтатын жер, осы жер!

Керегіңді іздей берсең біреуден
Келер бақыт кешігер!

Менен саған не керек?
Қамқорлық па?
Бар жаманнан қорғайтын.
Қызыл гүл ме? Күз келсе де солмайтын.
Бақыт құс па? Тек торыңда сайрайтын
Өзге баққа қонбайтын.

Еркіндік бер бақытыңа ол сонда
Басқа мәңгі орнайтын.

Менен саған не керек?
Сұрай бердің әр нәрсені жалау ғып.
Біз тағы да сол сұраққа оралдық.
Мың сұраққа жауап таппай онсыз да
Ой түбіне жоғалдық.

Білгің болса, сенен маған керегі
Амандық пен адалдық!

30.05.2022ж

АШУЛАНБА

Көп іздеп, мазаңды алсам ашуланба,
Білмеймін сағыныш па, ашудан ба?!
Қайта қайта қоңырау шалғым келед,
Үнсіздіктің тұтқасы басылғанда.

Еркелік пе, біртүрлі Қызғанам ба?!
Сені іздеймін өрт кеудем мұздағанда.
Жылуым-ау, жаным-ау, жарығым-ау,
Алыстама көшеде күз болғанда.

Жұмысың ғой қолыңды босатпаған,
Махаббаттың сұхбатын жасатпаған.
Мына дертке төзетін дәрменім жоқ,
Мен барамын кешікпей осы аптадан.

Бұлай сүйіп көрмеппін бұрындары,
Тыншымайды кеудемнің шыбын жаны.
Сағыныштың дауысы аласұрған,
Сенің телефоныңның шырылдары.

Мен іздесем сүйгеннен, өртім ішкі...
Сезесің ғой мендегі толқынысты.
Іздей берсем ренжімей іздете бер.
Іздемей қалсам бір күн...
Қорқынышты...

01:25. 06.09.2020.

СҮЙЕМІН

Әнін жазып орындаған
Ғазизхан Шекербек

Мен сүйсем, сүйемін,
Түндерді жарық қып,
Тілдерді ғаріп қып,
Сезімге қарық қып,
Ақшамда көкжиек
Қызылын қанық қып.

Мен сүйсем, сүйемін,
Көктемге гүл беріп,
Тотыдай түрленіп,
Уақыттай сүрленіп,
Тірліктің ең соңғы,
Деміне үлгеріп.

Мен сүйсем, сүйемін.
Дәуірді қалғытып,
Даланы шаңғытып,
Шашыма жан бітіп,
Өртімді өшірер,
Шілдеден қар күтіп…

Мен сүйсем сүйемін.
Түнекке тамсанып,
Жүрекпен жар салып,
Балықтар ән салып.
Ажалым келсе де
Күлімдеп қарсы алып.

Күнімен, түнімен,
Ғасырдың үнімен,
Арымның құнымен,
Мұсылман дінімен,
Мен сүйсем, осылай,
Сүйемін,
Шынымен!

16:58. 20.12.2015.

САҒЫНҒАНДА

Мен өзіңді сағынғанда
Дүниеде жұмыс тоқтап
Әлем бір сәт демалатын.
Қауырсынын қалыңдатып
Құстар қыста оралатын.
Табиғаттың бар тылсымын
Сағынышым жеңе алатын.

Мен өзіңді сағынғанда
Дерті барлар сауығатын.
Жоғалғандар табылатын.
Бақ қақпасы ашылатын,
Мұң есігі жабылатын.
Аққан жұлдыз жарты жолдан
Көк аспанға тағылатын.

Мен өзіңді сағынғанда
Дұшпан дос боп дұшпанына.
Жүрек тілін түсінетін
Жортқаны да, ұшқаны да.
Көктем күліп отыратын
Қасарысқан қыс тағына.
Бұлттар жерге гүл өсіріп
Жел тағатын құс жолына

Мен өзіңді сағынғанда
Ертегілер шынға айналды.
Қараңғы түн нұрға айналды.
Көре алмайтын күншіл мынау
Тіршілікте тіл байланды.
Бақта ән салған бұлбұл
Жүрек дүрсілімді
Тыңдай қалды.

Мен өзіңді сағынғанда
Жердің беті жадыраған.
Жүректерден жарық алам
Сол жарықта мағына мән.
Жаяу алыс, жеткім келді
Қанатымды қағып оған.
Тек Мен ғана солай сүйіп
Тек Мен ғана сағына алам.

03:16. 21.12.2023.

ШЕКСІЗДІК

Жүрек сезім әлемі ғой,
Шын сүюге шебер ол.
Сезім өмір өлеңі ғой,
Аяқталмау керек ол.

Үнсіз-тілсіз ұғыспауың,
Бақыт құстың ұшқаны.
Аяқтауға тырысса кім –
Сол махаббат дұшпаны.

Мен де түстім қатар отқа,
Деміндемін күрсінсең.
Нүктесі жоқ махаббатқа,
Нүкте қояр кімсің сен?!

Жүрек – сезім желкені ғой,
Гүлдер болсын таңбасы.
Мына дүние ертегі ғой,
О дүниеде жалғасы.

Күз бе, қыс па мезгілі жоқ...
Бастан бәрін өткіздік.
Махаббаттың мерзімі жоқ,
Ал бар болса – шексіздік!

11:27. 19.09.2020.

ҚОРҒАП ӨТЕМ

Мен сені қорғағым келді
Сезімнің шектеуінен.
Өкініш әттеңінен.
Өмірдің қиын-қыстау
Қайғылы сәттерінен.

Мен сені қорғағым келді
Тағдырдың таласынан
Жүректің жарасынан
Тоғыз жол торабында
Бағытсыз адасудан.

Мен сені қорғағым келді
Жат көздің
сұқтарынан

Жанардың
шықтарынан.
Тіршілік
базарында
Тұрмыстың жұтқанынан.

Мен сені қорғағым келді
Дарының тапталудан
Жаныңды ақтарудан.
Бақытсыз боп қалудан
Белгісіз жоқ болудан.

Мен сені қорғап өтейін
Жанымда болмасаң да
Іздеп тұр анда-санда.
Сен үшін бақ сұраймын
Құдайдан әрқашанда!

Қорғаймын, қорғаймын жаным.
Сен білме, түсінбей қара
Биік жүр, кішірмей ғана.
Аялап түсімде ғана,
Сезімді сені шын сүйген
Мен қорғап өтемін енді
Жүректің ішінде ғана!

01:45. 15.02.2024.

ШЫН ЕДІ

Менің сені сүйгендігім шын еді
Ал ол сезім қарға өскен гүл еді!
Аяз ұрса сарғаймай-ақ, солмай-ақ
Өлетінін біледі!

Менің сені сағынғаным шын еді!
Сағыныштың жалғанда жоқ бір емі.
Дәл мына мен сағынғандай өзіңді
Сағына алмас адамның еш біреуі.

Менің сені іздегенім шын еді!
Түн ішінде атыңды айтып үнемі
Ояна сап, көздер бар ғой
жылайтын…
Жұбатады кім оны?!

Менің сені ұмытпасым шын еді!
Сенің бейнең Айдан тамған нұр еді.
Бұйырмайтын Сүйе алмаған
пендеге
Қия алмаған, сыя алмаған кеудеге
Бақытты ғой шын ғашықтың жүрегі!

03:03. 10.02.2024ж

ЕСАЛАҢ

Есалаң!
Ойыншық па сезім не саған?
Көз жасты аттап кеткенсің,
«Келемін» десең кеше алам.
«Келмеймін» десең амал не,
Сезімім үшін өш алам.

Елірген.
Сезімді іздеп көгімнен
Өшімді алам мен сені
Кеткенше сүйіп өмірден.
Сорың болса да сүйемін,
Бағың болса да төгілген.
Жарың болса да сүйемін,
Сен үшін артқа шегінбен.

Сен сонда,
Қанша тасжүрек болсаң да,
Еңіреп мендей жыларсың,
Әлің де келмей аңсауға.
Өзгелер емес жаным-ау,
Жұбатар сені мен сонда.

Жабулы,
Қаламан есік қағуды.
Кете бер сенің соңыңнан,
Ұят санамаймын баруды.
Сен сүйген бәрін мен сүйдім,
Әкең мен шешең, бауырды.
Ойынды, асты, киноны,
Тіпті, сен сүйген аруды.

Қақырап,
Жұтса да мені топырақ.
Сүйермін, бәлкім, өзіңді
Түнек табытта жатып ап.
Осының бәрін сезбейтін
Сезімің сенің соқыр-ақ.
Сезбегенің үшін сүйемін,
Ей, ақымақ!

ЖІБЕР МЕНІ

Түсініп бағым өзге екендігін,
Сезіліп жүр жаныма бөтендігің.
Сондықтан өкпелеме, ренжіме
Мен сенен, кетем бүгін!

Кетем бүгін, қайтадан оралмаймын,
Безінбеймін, қашпаймын,
жоғалмаймын.
Сүйетініңді білем, бірақ жаным
Сенікі бола алмаймын.

"Біз" дегенге бір нүкте қоярдаймыз,
Сағынып енді құшақ жая алмаймыз.
Ортақ көрпе жамылып
ұйықтамаймыз
Тартысып оянбаймыз.

Бірге өткен шақ білемін тәтті екенін
Мен шығар бәлкім сенің бақ мекенің.
Мен кетем, міне кілтің,
Тарақ, көйлек,
Иісімді де үйіннен ап кетемін.

Ұмыт бәрін, ағын да, қарасында,
Түн ішінде мені іздеп аласұрма.
Гүлді көрсең үзбегей маған арнап
Жайқалсын даласында.

Шалма маған қоңырау, хат та жазба,
Жан дертіңді ақтарма ақ қағазға.
Іздеп келме үйге де, жұмысқа да
Жынданба, ашуланба, ұрыспа да.

Тағдыр шығар аз күнге теңестірген,
Кездесу мен қоштасу тең естілген.
Менсіз де өмір жалғасар, босат мені
Тыныс алу құралы емеспін мен.

Бірі едің ғой мықтының, төзімдінің,
Кеудеңді өртеп бара ма, сезім бүгін.
Терең демал, мен мүлде жоқ жеп ойла,
Менсіз ауа жұтып көр, көзіңді жұм.

Ұнамайды жігіттің түнергені,
Көз жасқа ерік беріп жібергені.
Егер сүйсең, бақытты болсын десең
Жәй ғана жібер мені.

22:21. 18.01.2022.

СЕН БІЛСЕҢ ҒОЙ!

Сен білсең ғой!
Ол қыздың қалай сағынатынын,
Берместен бір сәт жанына тыным.
Сен барда гүлдей қауызын ашып,
Сен жоқта қалай қамығатынын.

Сен білсең ғой
Ол қыздың қалай егілетінін
Көзінен жасы төгілетінін.
Сен жоқта бұлттай қабағын түйіп
Сен барда күндей көрінетінін.

Сен білсең ғой
Сен барда қалай әзілдейтінін
Сен жоқта "бітті жазым" дейтінін.
Әр кеште "қазір сен кеп қалар"деп
Дәмді кешкі асын әзірлейтінін.

Сен білсең ғой
Сен жоқта күздей солатындығын.
Тынбай қоңырау шалатындығын.
Жанында қалған жалғыздығынан
Жүрегі қалай тоңатындығын.

Сен білсең ғой
Күндерді күтіп өткеретінін.
Түсінде сені көп көретінін.
Кеудесі сыздап ауыратынын
Түнді енді мүлде жек көретінін
Сен білсең ғой…

17:22. 12.01.2022ж

МӘДЕНИЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ



Алматы қаласындағы Қызылорда облысының өнер күндерін жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізуге атсалысқан өнерпаздарға, мәдениет саласының қызметкерлеріне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы алғыс білдірді.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни, руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн», – деген болатын.

Мәдениеттің мәртебесін көтеріп, өнерін құрметтеген ұлттың өресі биіктей бермек. Өткен жылы елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай Қызылорда облысының өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Халықтың ыстық ықыласы мен қошеметіне ие болған дәл осындай өнер күндері Алматы қаласында да ұйымдастырылды. Ән-жырдың туын желбіреткен сырбойылық өнер майталмандары таланты мен талғамын, кәсіби деңгейінің биіктігін, еліміздің басты сахналарының біріндегі концертке тыңғылықты дайындықпен барғанын дәлелдеді. Мың жылдық тарихы бар, мың бояулы мәдени астанамыз Алматыдағы мерекені өткізуге атсалысқан барша ұйымдастырушыларға, өнерпаздарға, театр әртістеріне, мәдениет саласы қызметкерлеріне, мекеме басшыларына және қала, аудан әкімдіктеріне Сыр жұртшылығының және өз атымнан зор ризашылығымды білдіремін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада өнер күндерін шебер ұйымдастырып, әсерлі әрі көңілді етіп өткізген қызметкерлерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, «Сұлу Сырдан – ару Алматыға» атты Республика сарайында өткен гала-концертке мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Қазақстанның Еңбек Ерлері, мәдениет және өнер қайраткерлері, елімізге белгілі ақындар мен жазушылар, Алматы қаласы, Алматы облысы әкімдігінің өкілдері арнайы қатысты.

Айтулы іс-шара аясында «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Сыр өңірінің тарихын баяндайтын археологиялық және этнографиялық экспонаттар – «Шірік-Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары және Қорқыт ата, Марал ишан мұралары, зергерлік бұйымдар коллекциялары қойылды. С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы қорындағы майлы боумен салынған өлкенің табиғаты, тарихи және жаңадан бой көтерген ғимараттары бейнеленген картиналар келушілер назарына ұсынылды.

Алматылық көрермен Сыр өнерпаздарына ыстық ықыласы мен қошеметін көрсетті.

Алатау баурайындағы ару қаладағы өнер күндері Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің «Жыр – қазына, күй – күмбез» атты концертімен қорытындыланды.

Белгілі айтыскер ақын, Н.Бекежанов атындағы драма театрының басшысы М.НИЯЗОВ:

ҚАМҚОРЛЫҚ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ӨЗ ЖЕМІСІН БЕРМЕЙ ҚАЛМАЙДЫ

Қашаннан ірі сөйлеп, кесек турайтын Нұрлыбек Машбекұлы Сыр өңіріндегі бірқатар мәдениет пен өнердің өкілдерін қабылдап, кешегі Алматы төріндегі дүбірлеп өткен үлкен іс-шараға белсене қатысқан әріптестерімізге алғысын білдіріп, құрмет көрсетті. Басқа салаларды айтпағанда Сыр бойындағы соңғы екі жылдағы мәдениет, білім, спорт саласындағы жетістіктер жетерлік. Мың адамдық Өнер сарайы салынды. “Анаға тағзым” орталығы, “Отбасы орталығы”, жеті ауданда “Руханият” орталықтары, “Жастар театры”, “Жыраулар үйі” т.б деп кете беруге болады. Аз уақытта бұйырса сол жағалаудан он мың адамдық стадион, жаңа мұражайдың құрылысы, көп жылдан бері өзекті болып келе жатқан музыкалық колледждің жаңа ғимараты, Оқушылар сарайы, “Қызылорда аренаның” құрылысы, инновациялық шығармашылық орталығы бой көтереді. Бұл жобаларды осыдан екі жыл бұрын жоспар ретінде айтқанда көп адамның іштей сене қоймағаны анық. Себебі осыншама құрылыстар мен ауқымды шаруалардың аз уақытта жүзеге асуы расында оңай емес. Бірақ аймақ басшысы тәртіп пен талаптың тертесін тең ұстап, күні-түні тынбай мемлекет басшысының тапсырмаларын назарға ала отырып, жүйелі жұмыстың арқасында көптің алғысына бөленуде. Бұлардың сыртында жаңа әуежайдың құрылысы, Қызылорданың тарихында болмаған көпқабатты үйлерге ыстық судың беру мәселесінің шешілуі, Қызылорда мен Ақтөбенің арасындағы жолды төрт жолаққа көшіру сияқты көптеген алып жобалар бар. Жарайды тақырыптан ауытқымайық.

Сонымен кездесуде бізді қуантқан жаңалықтар қандай болды?! Бұйырса облысымызда мәдениет пен өнердің мамандарына арнап елу пәтерлік толық бір үй салынып, көп ұзамай пайдалануға берілетін болды. Нақты тапсырма берілді, жұмыс басталып кетті. Біздің театрдың жетпіс жылдық мерейтойы үлкен деңгейде тойланатын болды. Материалдық техникалық базамызды одан әрі нығайтамыз. Филармонияның, мұражайдың, кітапхананың көптеген күрмеулі мәселелері бір кездесудің аясында шешімін тапты.

– “Мен сіздерді құттықтап, алғыс айтамын деп шақырып, біраз ұсыныстарды тыңдап отырып екі миллиардқа жуық қаражаттың жұмысына уәде беріппін. Әрі қарай да уәде бере беруге болады, бірақ мен үшін басты ұстаным- берілген уәде мен айтылған сөздің барынша тез, сапалы орындалуы. Сондықтан басқа да мәселелеріңіз болса осы жерде Шахмардан Асқаруұлы бар, Мира Жомартқызы бар, ақылдасыңыздар, ең қажетті деген ұсыныстарыңызды жолдаңыздар, біз қолдаймыз. Бір жылда екі үлкен қалада өнер күндерімізді өткіздік. Алдағы уақытта бұл жұмыстарды да жалғастыратын боламыз. Сыр елі өнердің астанасы болуы үшін мен де барымды саламын, сіздерді де талмай, табанды еңбек етуге шақырамын”- деді аймақ басшысы.

Ресми ақпарат: Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Алматыда өткен Қызылорда облысының өнер күндеріне атсалысқан өнерпаздармен кездесуде мәдениет қызметкерлеріне арнап 50 пәтерлік тұрғын үй салу туралы тапсырма берді. Тұрғын үй келесі жылдың мамыр айында мәдениет қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде табысталуы қажет.

Алдағы уақытта еліміздің басқа өңірлерінде де Сыр өнерін паш ететін ауқымды концерттер ұйымдастырылады. Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық- музыкалық драма театрының 70 жылдығына арналған ауқымды іс-шараларды да осы бастан жоспарлап жүйелеу керек. Сала қызметкерлерінің ұсыныстарын тыңдаған облыс әкімі барлық бастамаға қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Былтырдан бері біздің аймақта өнер мен әдебиетті қолдау мақсатында “Тұран” сыйлығы беріліп келеді. Көптеген облыстарға қонақ болып та, жұмыс бабымен де болып жүрміз. Мұндай жүйелі, нәтижелі істерді көп байқай бермейміз. Сондықтан біз әрбір жасалған жақсылықтың қадірін біліп, өз ризалығымызды білдіріп, осындай үлкен істерді күн-түн демей қапысыз орындап жатқан азаматтарға алғыс айтуда сарандық танытпауымыз керек.

“Егер тіл мен мәдениетің жоғалса, шекараңды аша сал, енді неңді қорғайсың, бұл ел енді сенің елің емес”- депті Нельсон Мандела. Мәдениетке жасалған жағдай мен қамқорлық міндетті түрде өз жемісін бермей қалмайды. Барлық әріптестерді марапаттарымен құттықтаймын!

ФБ парақшасынан

РЕФЕРЕНДУМ:

ҚЫЗЫЛОРДАДА 2652 УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯ МҮШЕСІ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУҒА ДАЙЫН

6 қазан күні еліміз бойынша республикалық референдум өткізіледі. Маңызды саяси науқанда Қызылорда өңірінен 492381 азамат дауыс беруге құқылы. Жауапты кезеңде аймақта 380 учаскелік комиссия құрылып, 2652 комиссия мүшесі қызметке тартылды.

Референдумды ашық, әрі заң талабына сай өткізу УРК тікелей міндеті. Комиссия құрамына енген әрбір азаматтың білім деңгейін жетілдіру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында Қызылорда облысының өңірлік оқу орталығы және Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясының ұйымдастыруымен учаскелік комииссия мүшелері үшін оқыту өткізілді.

Салалық тақырыптарға маманданған кәсіби лекторлар референдум өткізудегі құқықтық және құжаттамалық мәселелер, дауыс беруші азаматтардың тізімімен жұмыс жүргізу, байқаушылар, БАҚ өкілдерімен жұмыс жүргізудің тиімді шарттары тақырыбында ой бөлісті.

Басқосуларда Қызылорда қаласындағы және аудандардағы құқық қорғау саласының өкілдері референдум кезінде құқық бұзушылықты болдырмау, дауыс беру учаскелерінде тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша негізгі ережелерді түсіндірді.

Оқу семинарында лекторлар комиссия мүшелерін рөлдік ойындарға бөліп, ситуациялық жағдайларға негізделген практикалық кейстерді талқылады.

Қызылорда қаласындағы 3 күндік оқытуға 683 комиссия мүшесі тартылды. Әрі қарай лекторлар семинарды көшпелі форматта барлық аудандарда жалғастырды. Мұнда 1065 комиссия мүшесі оқытылды.

Оқытуға төраға, төраға орынбасары, хатшы және жаңадан қосылған комиссия хатшылары шақырылды. Арнайы оқытудан өткен комиссия мүшелері каскад әдісімен өзге де мүшелері оқытады.

Айта кетейік, Қызылорда өңірінде дауыс беруші азаматтардың өз учаскесін анықтау үшін referendum.orda.kz сайты және 109 бірыңғай байланыс орталығы іске қосылды. Сондай-ақ, тізімге тіркелген әрбір дауыс беруші азаматқа шақыру қағаздары мен смс хабарламалар жіберілетін болады.